

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ

«Юриспруденция» сериясы
Серия «Юриспруденция»
Series «Jurisprudence»

№2(80), 2025

Алматы, 2025

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ

«Юриспруденция» сериясы
Серия «Юриспруденция»
Series «Jurisprudence»

№2(80), 2025

Алматы, 2025

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ
«Юриспруденция» сериясы
№2(80), 2025

Бас редактор:
Б.А. ТАЙТОРИНА – з.ғ.д., профессор

Бас редактордың орынбасары:
Б.Х. Төлеубекова – з.ғ.д., проф.

Ғылыми редактор
Балгимбекова Г.У. – PhD, профессор,
Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті;

Жауапты хатшы:
Н.Б. Калкаева – з.ғ.к., қ.проф.
Техникалық хатшы:
Қ.Тұрлыханқызы - PhD

Редакциялық алқа мүшелері:
Бүрибаев Е.А. – з.ғ.д.,
профессор, І. Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті (Қазақстан)
Сабикинов С.Н. – з.ғ.д., ҚР
ҰҒА академигі, проф. (Қазақстан)
Цепелев В.Ф. – з.ғ.д., РФ ИМ
академиясы профессоры (Ресей)
Муратова Н.Г. – з.ғ.д., проф.,
Казан мемлекеттік университеті,
«Қылмыстық іс жүргізу» кафедрасының
меңгерушісі (Ресей)
Мұхамеджанов О.З. – з.ғ.д.,
проф., Ташкент Мемлекеттік Заң
Университеті (Өзбекстан)
Хлус А.М. – з.ғ.к., доцент,
Беларусь мемлекеттік университеті
(Беларусь)
Самарин В.И. – з.ғ.к., доцент,
Беларусь мемлекеттік университеті
(Беларусь)
Жатқанбаева А.Е. – з.ғ.д.,
профессор (Қазақстан)
Хамзина Ж.А. – з.ғ.д.,
профессор (Қазақстан)
Шелухин С.И. – PhD, Джон
Джэй Нью-Йорк университетінің
профессоры (АҚШ)
Элван О.Д. – құқық докторы,
Джеррахнаша Стамбул университетінің
профессоры, (Түркия)

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2025

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген N 10111 – Ж

Басуға 20.06.2025. қол қойылды.
Пішімі 60x84 ¹/₈. Көлемі 18.5 е.б.т.
Тапсырыс 313.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

Журнал редакциясының бағаны.....	5
Колонка редакции журнала.....	7
Editorial column.....	9

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫ. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ

ОБЩАЯ ТЕОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА. ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА

GENERAL THEORY OF STATE AND LAW. HISTORY OF STATE AND LAW

Айтхожин Қ.К., Бейсенбаева М.Т., Рустембекова Д.К. Билер соты - қазақ әдет-ғұрып құқығының іргелі институты.....	11
Айтхожин Қ.К., Бейсенбаева М.Т., Рустембекова Д.К. Суд биев - фундаментальный институт казахского обычного права Aitkhozhin K.K., Beissenbayeva M.T., Rustembekova D.K. Sud biev is a fundamental institution of kazakh customary law	

Balgimbekova G.U., Abdrakhim M.E., Birmanova A.I., Lavnichak A. The influence of cultural rights on the professional culture of civil servants.....	22
Балгимбекова Г.У., Абдрахим М.Е., Бирманова А.И., Лавничак А. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби мәдениетіне мәдени құқықтардың әсері Балгимбекова Г.У., Абдрахим М.Е., Бирманова А.И., Лавничак А. Влияние культурных прав на профессиональную культуру государственных служащих	

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС

КОНСТИТУЦИОННОЕ ПРАВО. АДМИНИСТРАТИВНОЕ ПРАВО И ПРОЦЕСС

CONSTITUTIONAL LAW. ADMINISTRATIVE LAW AND PROCESS

Алимбетова А.Р., Чокина М.В., Оразалинов М.Н. Цифровизация управления как правовой механизм снижения коррупции в транспортной отрасли Республики Казахстан.....	34
Алимбетова А.Р., Чокина М.В., Оразалинов М.Н. Қазақстан Республикасының көлік саласында сыбайлас жемқорлықты азайтудағы басқаруды цифрландырудың құқықтық тетіктері Alimbetova A.R., Chokina M.V., Orazalinov M.N. Digitalization of governance as a legal mechanism for reducing corruption in the transport sector of the Republic of Kazakhstan	

Казахский национальный
педагогический университет
имени Абая

ВЕСТНИК
Серия «Юриспруденция»
№2(80), 2025

Главный редактор:
ТАЙТОРИНА Б.А.
д.ю.н., профессор

Зам. главного редактора:
Толеубекова Б.Х. – д.ю.н., проф.

Научный редактор
Балгимбекова Г.У. – PhD, профессор,
Карагандинский университет имени
академика Е.А.Букетова;

Ответ. секретарь:
Калкаева Н.Б. – к.ю.н., асс. проф.

Тех.секретарь:
Тұрлыханқызы Қ. – PhD

Члены редколлегии:
Бурибаев Е.А. – д.ю.н., профессор,
ректор Жетысуского университета
имени И.Жансугурова (Казахстан)
Сабикенов С.Н. – д.ю.н., профессор,
академик НАН РК (Казахстан)
Цепелев В.Ф. – д.ю.н., профессор
Академии МВД (Россия)
Муратова Н.Г. – д.ю.н., профессор
Казанского государственного
университета (Россия)
Мухамеджанов О.З. – д.ю.н., профессор,
Ташкентский государственный
юридический университет (Узбекистан)
Хлус А.М. – к.ю.н., доцент, Белорусский
государственный университет
(Беларусь)
Самарин В.И. – к.ю.н., доцент,
Белорусский государственный
университет (Беларусь)
Жатканбаева А.Е. – д.ю.н., профессор
(Казахстан)
Хамзина Ж.А. – д.ю.н., профессор
(Казахстан)
Шелухин С.И. – PhD, профессор Нью-
Йоркского университета Джона Джексона
(США)
Элван О.Д. – доктор права, профессор,
Стамбульский университет
Джеррахпаша (Турция)

© Казахский национальный
педагогический университет
им. Абая, 2025

Зарегистрировано в Министерстве
культуры и информации Республики
Казахстан

8 мая 2009 г. N 10111 – Ж
Подписано в печать 20.06.2025.
Формат 60x84 1/8. Объем 18,5. уч.-изд.л.
Заказ 313.
050010, г.Алматы, пр.Достык, 13.

КазНПУ им. Абая
Издательство «Ұлағат»
Казахского национального
педагогического университета имени
Абая

Balgimbekova G., Zalesny J. System of measures to counter
corruption in the civil service of the Republic of Kazakhstan..... 44

Балгимбекова Г., Залесны Я. Қазақстан Республикасының
мемлекеттік қызметіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы
шаралардың жүйесі

Балгимбекова Г., Залесны Я. Система мер противодействия
коррупции на государственной службе Республики Казахстан

Emrehan İnal. The correlation between population growth and
systemic corruption through urban planning in Türkiye..... 51

Emrehan İnal. Түркиядағы қала құрылысын жоспарлау арқылы
халық санының өсуі мен жүйелі сыбайлас жемқорлық
арасындағы байланыс

Emrehan İnal. Корреляция между ростом численности
населения и системной коррупцией через призму
градостроительного планирования в Турции

Тайторина Б.А., Байсымакова Д.С. Жергілікті өзін-өзі басқару
контекстіндегі мемлекеттік қызмет: Түркия мен Қазақстан
мысалындағы мәселелер мен шешімдер..... 58

Тайторина Б.А., Байсымакова Д.С. Государственная служба в
контексте местного самоуправления: проблемы и решения на
примере Турции и Казахстана

Taitorina B.A., Baisymakova D.S. Public service in the context of
local self-government: problems and solutions using the example of
Turkey and Kazakhstan

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС. ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ. БЛІМ БЕРУ ҚҰҚЫҒЫ

ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ПРОЦЕСС. ТРУДОВОЕ ПРАВО. ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ ПРАВО

CIVIL LAW AND PROCESS. LABOR LAW. EDUCATIONAL LAW

Хамзина Ж.А., Тұрлыханқызы Қ. Еңбек заңнамасын
реформалау: еңбек шартын бұзу және тәртіптік жауапкершілік
институттарын жетілдіру..... 70

Хамзина Ж.А., Тұрлыханқызы Қ. Реформа трудового
законодательства: расторжение трудового договора и
совершенствование институтов дисциплинарной
ответственности

Khamzina Zh.A., Turlykhankyzy K. Labor law reform:
termination of the employment contract and improvement of
institutions of disciplinary responsibility

Kazakh National Pedagogical university
after Abai

BULLETIN
Series of «Jurisprudence»
№2(80), 2025

Editor in chief:
TAITORINA B.A.
doctor of law, professor

Executive Editor:
Tolubekova B.Kh. – doctor of law,
professor

Science Editor
Balimbekova G.U. – PhD, professor,
Karaganda University named after
academician E.A. Buketov;

Answer. secretary:
Kalkayeva N.B. – candidate of law.,
associate professor

Technical Secretary:
Turlykhankyzy K. – PhD

The editorial board members:
Buribaev E.A. – Doctor of Law, Professor,
Rector of Zhetysay University named after I.
Zhansugurov (Kazakhstan)
Sabikenov S.N. – Doctor of Law, Professor,
Academician of NAS RK (Kazakhstan)
Tsepelev V.F. – Doctor of Law, Professor
of the Academy of the Ministry of Internal
Affairs (Russia)
Muratova N.G. – Doctor of Law, Professor
of Kazan State University (Russia)
Mukhamedzhanov O.Z. – Doctor of Law,
Professor, Tashkent State Law University
(Uzbekistan)
Khilus A.M. – Candidate of Law, Associate
Professor, Belarusian State University
(Belarus)
Samarin V.I. – Candidate of Law, Associate
Professor, Belarusian State University
(Belarus)
Zhatkanbaeva A.E. – Doctor of Law,
Professor (Kazakhstan)
Khamzina Zh.A. – Doctor of Law,
Professor (Kazakhstan)
Shelukhin S.I. – PhD, professor at New
York University John Jay (USA)
Elvan O.D. – Doctor of Law, Professor,
Istanbul Jerrahpash University (Turkey)

© Kazakh National Pedagogical
university after Abai, 2025

The journal is registered by the Ministry of
Culture and Information RK
8 May 2009. №10111 – Ж

Signed to print 20.06.2025
Format 60x84 1/8.
Volume 18.5. publ.literature
Order 313.

050010, Almaty, Dostyk ave., 13.
KazNPU after Abai

Publishing house «Ulagat»
Kazakh National Pedagogical university
after Abai

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС. КРИМИНОЛОГИЯ. КРИМИНАЛИСТИКА

УГОЛОВНОЕ ПРАВО И ПРОЦЕСС. КРИМИНОЛОГИЯ. КРИМИНАЛИСТИКА

CRIMINAL LAW AND PROCESS. CRIMINOLOGY. FORENSICS

Байзакова Р.Б., Бижанова А.Р., Жайлау Ж. Қылмыстық жауапкершіліктен босату институтының құқықтық табиғаты жөнінде.....	79
Байзакова Р.Б., Бижанова А.Р., Жайлау Ж. О правовой природе института освобождения от уголовной ответственности Baizakova R.B., Bizhanova A.R., Zhailau Zh. On the legal nature of the institution of exemption from criminal liability	
Жанузакова Л.Т., Жетписбаев Г.А. Права заключенных в Республике Казахстан: законодательство и практика его реализации.....	91
Жанұзақова Л.Т., Жетпісбаев Г.А. Қазақстан Республикасындағы қамаудағы адамдардың құқықтары: заңнама және оны іске асыру тәжірибесі Zhanuzakova L.T., Zhetpisbaev G.A. The rights of prisoners in the Republic of Kazakhstan: legislation and practice of its implementation	
Толубекова Б.Х., Османова Г.Ж., Хведелидзе Т.Б. Налоговая политика Казахстана в сфере игорного бизнеса.....	108
Толубекова Б.Х., Османова Г.Ж., Хведелидзе Т.Б. Қазақстанның ойын бизнесі саласындағы салық саясаты Tolubekova B. Kh., Osmanova G. Dj., Khvedelidze T.B. Tax policy of kazakhstan in the sphere of gambling business	
Хведелидзе Т.Б. Система современной криминалистики: проблемы модернизации.....	119
Хведелидзе Т.Б. Қазіргі криминалистика жүйесі: жаңғырту мәселелері Khvedelidze T.B. The system of modern forensic science: problems of modernisation	
Авторлар туралы мәлімет.....	130
Сведения об авторах.....	132
Information about authors.....	134

Журнал редакциясының бағаны

Қазақстанда құқық ғылымы өзінің барлық негізгі бағыттарында: зерттеу әдіснамасы мен әдістемесінде, құқық шығармашылық технологияларында, ұлттық құқықты жүйелеуде, салаларды институционалдандыру мен құрылымдауда, құқық тарихы мен құқықтық оқуларда, құқық қорғау органдары жүйесін реформалауды тұжырымдамалауда, сот органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін цифрландыру шарттарына бейімдеуде және т.б. жаңа білімдермен байытылады. Осының барлығы - Қазақстанның саяси, қаржы-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, ақпараттық-коммуникациялық, халықаралық-құқықтық салалардағы және қазіргі заманғы әлеуметтің өмірі мен қызметіндегі үдемелі даму процестерінің бейнесі.

Еліміз, посткеңестік кеңістіктің достастығы, жер шарының бейбітсүйгіш қауымдастығы тарихи күні - Ұлы Отан соғысындағы КСРО Жеңісінің 80 жылдығын атап өтті. Адамзат тарихындағы ең қантөгісті соғыстағы Қазақстанның рөлін асыра бағалау мүмкін емес. Құқық тарихшылары терең мұрағаттардан баға жетпес жаңа беттерді ашып, үлкен және кіші Отанның бостандығы үшін өз өмірлерін берген қазақстандық қаһармандар туралы тарихи шындықты жаңғыртады. 1936-1939 және 1941-1945 жылдардағы Қазақстан құқығының тарихы әлі зерттеліп бітпеген, толық танылмаған. Бұл қайғылы жылдар қазақстандықтар үшін ұлттық генофондта орасан зор шығынға айналды. Жас ұрпақ бұл туралы біліп, бүкіл әлемдік қоғамдастық мойындайтын қалыптасқан ұлт ретінде патриотизм, батылдық, рухтың төзімділігі, өзін-өзі идентификациялау сабақтарын үйренуі тиіс. Құқық тарихын зерттеушілердің алдында үлкен міндеттер тұр. Журналдың редакциясы сіздерден шынайы құжаттарға, соттар мен әскери трибуналдардың шешімдеріне, майдан мәліметтері мен хаттарға, фотосуреттер мен естеліктерге негізделген ғылыми ізденістерді күтеді. Мұрағаттар тарихшылар үшін ашық және Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаев 2025 жылдың 7 мамырында Астанада өткен Жеңіс шеруінде: «Майданда Қазақстаннан шақырылған әрбір екінші сарбаз қаза тапты... Біздің міндетіміз - осындай қайғылы оқиғаның қайталануына жол бермеу... Қазақстан Екінші дүниежүзілік соғыстың нағыз жадының сақталуын әрдайым қолдап келген және қолдайтын болады...».

Мемлекеттік басқаруды құқықтық реттеу саласында елеулі өзгерістер болып жатыр. Экономиканың орнықтылық деңгейі, саяси тұрақтылық, азаматтардың әл-ауқаты өсуінің оң динамикасының тұрақтылығы осы өзгерістердің нәтижелеріне байланысты. Қазақстандық шындық контекстінде мемлекеттік басқару тұжырымдамасын жаңғырту, басқару теориясының негізгі санаттарын құқықтық институционалдандыру, әлемдік тәжірибені ескере отырып, мемлекеттік басқарудың өзіндік моделін әзірлеу сияқты зерттеулердің бағыттары өзекті. Осы бағыттардағы әзірлемелер ҚР Конституциясының нормаларын терең талдауды, кейіннен оларды заманауи интерпретациялық технологиялар шегінде түсіндіруді талап етеді.

Цифрландыру проблемалары мен перспективаларын зерттеудің және құқықтық салаға жасанды интеллектті енгізудің өзектілігі күн сайын артып келеді. Осы бағыттағы әлемдік зерттеулер оң ғана емес, сондай-ақ теріс сипаттағы болжамдарды да қамтиды. Құқықтық қақтығыстарды шешуде білікті заңгер ретінде адамның қатысуы сияқты маңызды фактордың ақпараттық технологиялармен ығыстырылуы мүмкін екендігі туралы заңгерлер жиі айтады. Алайда мұндай болжамның даулылығы айтарлықтай жоғары. Пайдаланушы қайтарымыз және сұратпайтын нәтижелерге әкеп соғатын жасанды интеллектінің экспансиясы шектеулер мен тыйым салулардың құқықтық тетіктері негізінде тоқтатылуы және ақылға қонымды шеңберге салынуы мүмкін. Бұл мәселеде формальды көзқарас пен цифрландыруды ведомстволар арасындағы жарыс құралына айналдыруға жол берілмейді. Бәріне де шара керек. Бірақ мұндай шараның критерийлері - мақсатты бағытталған құқықтық зерттеулердің мәні.

Құқық қорғау органдарын ұйымдастыру және олардың қызметі - құқықтық зерттеулердің маңызды аспектісі. Сыбайлас жемқорлыққа, нашақорлыққа, қалайшылыққа қарсы іс-қимыл

проблемалары өзектілігін жоғалтпайды. Сыбайлас жемқорлықтың пайда болу тарихы мемлекеттіліктің пайда болу сәтінен басталғанын мойындау қажет. Ол кез келген саяси-құқықтық, қаржы-экономикалық және мәдени-тарихи жағдайларға бейімделеді. Алайда, бұл жағдай сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шаралардың тиімділігінің жеткіліксіздігін ақтамайды. Бұл саладағы зерттеулер - теориялық, қолданбалы - әлеуметтік сұраныстың жоғары деңгейіне ие. Нашақорлыққа қарсы іс-қимыл - халықты адамгершілік және физикалық сауықтыруға, криминалитеттің капиталды заңсыз өсіруінің жолын кесуге, елдің экономикалық әл-ауқатын тұрақтандыруға апаратын жол. Есірткі және психотроптық заттарды дайындауға, өткізуге және таратуға негізделген құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу процестерін пәрменді бақылау үшін жаңа тәсілдер, оның ішінде ұйымдастырушылық-құқықтық тәсілдер қажет. Қалайылықтың таралуына қарсы күрес мәселелері өзекті болып отыр. Құмар ойындарға қатысу нашақорлыққа ұқсас ойын тәуелділігінің пайда болуына қауіп төндіреді. Нашақорлық пен құмарлық - ұлттық қауіпсіздікке төнген қатердің белгілері. Лудомания - Қазақстандағы жаңа құбылыс. Онымен күресу үшін жаңа озық стратегия қажет, оны қолдану нашақорлықтың таралуының қайғылы тәжірибесінің қайталануын болдырмауға ықпал ететін болады.

Криминалистикалық кибернетика жаңа бағыт болып табылады. Қолданбалы ғылымның осы бағытын дамыту қылмыстық, қылмыстық-атқару, қылмыстық-іс жүргізу, әкімшілік сияқты іргелі құқық салаларын дамыту үшін жаңа серпін беруге қабілетті. Кибернетикалық құндылықтар шеңберінде криминалистика теориясы, тергеу әрекеттерін жүргізудің криминалистік тактикасы, қылмыстардың жекелеген түрлерін тергеудің криминалистік әдістемесі, криминалистикалық техника одан әрі дамудың тең перспективаларына ие. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дәстүрлі криминалистикаға енгізуге негізделген осы бағыттарды дамыту АКТ-ны пайдакүнемдік мақсаттарда криминалдық қолдану спектрінің ұлғаюымен және тиісінше қылмыстардың өсуімен тікелей байланысты.

Осылайша, құқықтық ғылымның зерттеу алаңы өзінің шекарасын кеңейтеді. Құқықтық зерттеулердің өзекті тақырыбы ұлттық құқық жүйесінің барлық салаларын қамтиды. Бұл ретте ел ғылыми кадрларды жасартуға мүдделі. Осы міндетті шешуге жәрдемдесу үшін Журналдың редакциясы өз беттерін ісін жаңа бастаған заңгерлерге береді. Жас ғалымдар үшін өздерінің кәсіби мүдделерін айқындап, әдіснамалық және әдістемелік қолдау алу маңызды. Журналдың редакциясы зерттеуші заңгерлердің жаңа ұрпағының қалыптасуына жан-жақты көмек көрсетуге және неғұрлым қызықты ізденістерді жариялауға дайын екенін білдіреді.

Журнал редакциясы өз оқырмандары мен авторларына барлық игі істерінде сәттілік тілейді!

Құрметпен, журнал редакциясы.

Колонка редакции журнала

Правовая наука в Казахстане обогащается новыми знаниями во всех своих ключевых направлениях: методологии и методике исследований, технологиях правотворчества, систематизации национального права, институционализации и структуризации отраслей, истории права и правовых учений, концептуализации реформирования системы правоохранительных органов, приспособления организации и деятельности судебных органов к условиям цифровизации и др. Все это в совокупности – отражение процессов поступательного развития Казахстана в политической, финансово-экономической, социально-культурной, информационно-коммуникационной, международно-правовой сферах жизни и деятельности современного социума.

Страна, содружество постсоветского пространства, миролюбивое сообщество земного шара отметили историческую дату – 80-летие со Дня Победы СССР в Великой Отечественной войне. Роль Казахстана в этой самой опустошительной и кровопролитной в истории человечества войне невозможно переоценить. Историки права открывают новые бесценные страницы из глубоких архивов, воссоздают историческую правду о героях-казахстанцах, отдавших свою жизнь во имя свободы большой и малой Родины. История права Казахстана периодов 1936-1939 и 1941-1945 годов еще не исчерпана, не познана в полной мере. Эти горестные годы для казахстанцев обернулись гигантскими потерями в национальном генофонде. Молодое поколение должно знать об этом и извлекать уроки патриотизма, мужества, стойкости духа, самоидентификации как состоявшейся нации, признаваемой всем мировым сообществом. Перед исследователями истории права стоят большие задачи. Редакция Журнала ждет от вас откликов – научных изысканий, основанных на подлинных документах, решениях судов и военных трибуналов, фронтовых сводках и письмах, фотографиях и воспоминаниях. Архивы для историков открыты и в том порукой является заявление Президента Республики Казахстан К.-Ж.К. Токаева, сделанное в Астане на параде Победы 7 мая 2025 года: «На фронте погиб каждый второй солдат, призванный из Казахстана... Наша задача – не допустить повторения подобной трагедии... Казахстан всегда выступал и будет выступать за сохранение настоящей памяти о Второй мировой войне...»

Значительные перемены происходят в области правового регулирования государственного управления. От результатов этих перемен зависят уровень устойчивости экономики, политической стабильности, постоянство положительной динамики роста благосостояния граждан. Актуальны такие направления исследований, как модернизация концепции государственного управления в контексте казахстанских реалий, правовая институционализация основных категорий теории управления, выработка собственной модели государственного управления с учетом мирового опыта. Представляется, что разработки в данных направлениях потребуют глубокого анализа норм Конституции РК с последующим их толкованием в пределах современных интерпретационных технологий.

Актуальность исследований проблем и перспектив цифровизации и внедрения в правовую сферу искусственного интеллекта с каждым днем возрастает. Мировые исследования в данном направлении содержат прогнозы не только позитивного, но и негативного характера. Все чаще правоведы говорят о вероятном вытеснении информационными технологиями такого важнейшего фактора, как человеческое участие в лице квалифицированного юриста в разрешении правовых конфликтов. Однако спорность такого прогноза достаточно велика. Экспансия искусственного интеллекта, влекущая необратимые и не запрашиваемые пользователем результаты, может быть прекращена и заключена в разумные рамки на основе правовых механизмов ограничений и запретов. Формальный подход в этом вопросе и превращение цифровизации в средство гонки между ведомствами недопустимы. Во всем нужна мера. Но критерии такой меры – предмет целенаправленных правовых исследований.

Организация и деятельность правоохранительных органов – важнейший аспект правовых исследований. Проблемы противодействия коррупции, наркомании, лудомании не теряют своей актуальности. Необходимо признать, что история возникновения коррупции началась с момента возникновения государственности. Она мимикрирует с удивительной быстротой, приспосабливается к любым политико-правовым, финансово-экономическим и культурно-историческим условиям. Однако данное обстоятельство не оправдывает недостаточной эффективности предпринимаемых мер противодействия коррупции. Исследования в этой области – теоретические, прикладные – обладают высоким уровнем социальной востребованности. Противодействие наркомании – путь к нравственному и физическому оздоровлению населения, пресечению незаконного наращивания капитала криминалитетом, к стабилизации экономического благосостояния страны. Нужны новые подходы, в том числе организационно-правовые, для действенного контроля над процессами превенции и пресечения правонарушений, обусловленных изготовлением, реализацией и распространением наркотических и психотропных веществ. Не меньшей актуальностью обладают проблемы борьбы с распространением лудомании. Вовлеченность в азартные игры грозит наступлением игровой зависимости, которая сродни с наркоманией. Наркомания и лудомания – признаки угроз национальной безопасности. Лудомания – явление достаточно новое в Казахстане. Для борьбы с нею нужна новая опережающая стратегия, применение которой будет способствовать исключению повторения печального опыта распространения наркомании.

Новым направлением является криминалистическая кибернетика. Развитие этого направления прикладной науки способно дать новый импульс для развития таких фундаментальных отраслей права, как уголовное, уголовно-исполнительное, уголовно-процессуальное, административное. В рамках кибернетических ценностей равные перспективы дальнейшего развития имеют теория криминалистики, криминалистическая тактика производства следственных действий, криминалистическая методика расследования отдельных видов преступлений, криминалистическая техника. Развитие данных направлений, обусловленных внедрением в традиционную криминалистику информационно-коммуникационных технологий, напрямую связано с увеличением спектра криминального применения ИКТ в корыстных целях и, соответственно, ростом преступлений.

Таким образом, исследовательское поле правовой науки расширяет свои границы. Актуальная тематика правовых исследований охватывает все отрасли национальной системы права. При этом страна заинтересована в омоложении научных кадров. Для оказания содействия в решении этой задачи редакция Журнала предоставляет свои страницы начинающим правоведам. Для молодых ученых важно определиться с отраслью своих профессиональных интересов и получить методологическую и методическую поддержку. Редакция Журнала проявляет свою готовность оказать всемерную помощь в становлении нового поколения юристов-исследователей и опубликовать наиболее интересные изыскания.

Редакция Журнала искренне желает своим читателям и авторам удачи во всех добрых начинаниях!

С искренним уважением, редакция журнала.

Editorial column

Legal science in Kazakhstan is enriched with new knowledge in all its key areas: methodology and research methodology, legal creation technologies, systematization of national law, institutionalization and structuring of industries, history of law and legal teachings, conceptualization of reform of the law enforcement system, adaptation of the organization and activities of judicial bodies to the conditions of digitalization, etc. All this together is a reflection of the processes of progressive development of Kazakhstan in the political, financial, economic, socio-cultural, information and communication, international legal spheres of life and the activities of modern society.

The country, the commonwealth of the post-Soviet space, the peace-loving community of the globe celebrated a historical date - the 80th anniversary of the Victory of the USSR in the Great Patriotic War. The role of Kazakhstan in this most devastating and bloody war in the history of mankind cannot be overestimated. Historians of law open new invaluable pages from deep archives, recreate the historical truth about the heroes-Kazakhstanis who gave their lives in the name of freedom of a large and small homeland. The history of the law of Kazakhstan of the periods 1936-1939 and 1941-1945 has not yet been exhausted, not fully understood. These sad years for Kazakhstanis turned into gigantic losses in the national gene pool. The younger generation should know about this and learn the lessons of patriotism, courage, fortitude, self-identification as an established nation recognized by the entire world community. Legal history scholars face big challenges. The editors of the Journal expect feedback from you - scientific research based on genuine documents, decisions of courts and military tribunals, front-line reports and letters, photographs and memoirs. Archives for historians are open and that guarantee is the statement of the President of the Republic of Kazakhstan K.-J.K. Tokayev, made in Astana at the Victory Parade on May 7, 2025: "Every second soldier called up from Kazakhstan died at the front... Our task is to prevent the repetition of such a tragedy... Kazakhstan has always advocated and will continue to advocate the preservation of the real memory of World War II... "

Significant changes are taking place in the field of legal regulation of public administration. The results of these changes depend on the level of stability of the economy, political stability, and the constancy of the positive dynamics of growth in the well-being of citizens. Such areas of research as the modernization of the concept of public administration in the context of Kazakhstani realities, the legal institutionalization of the main categories of management theory, the development of its own model of public administration, taking into account world experience, are relevant. It seems that developments in these areas will require an in-depth analysis of the norms of the Constitution of the Republic of Kazakhstan with their subsequent interpretation within the framework of modern interpretation technologies.

The relevance of research on the problems and prospects of digitalization and the introduction of artificial intelligence into the legal sphere is increasing every day. World studies in this direction contain forecasts not only positive, but also negative. Increasingly, legal scholars talk about the likely crowding out by information technology of such an important factor as human participation in the person of a qualified lawyer in resolving legal conflicts. However, the controversy of such a forecast is quite large. The expansion of artificial intelligence, entailing irreversible and not requested by the user, can be stopped and enclosed in a reasonable framework based on legal mechanisms of restrictions and prohibitions. A formal approach to this issue and the transformation of digitalization into a means of race between departments is unacceptable. One should know where to stop. But the criteria for such a measure are the subject of targeted legal research.

The organization and activities of law enforcement agencies are the most important aspect of legal research. The problems of countering corruption, drug addiction, ludomania do not lose their relevance. It must be recognized that the history of corruption began with the emergence of statehood. She mimics with amazing speed, adapts to any political, legal, financial, economic, cultural and

historical conditions. However, this circumstance does not justify the lack of effectiveness of the measures taken to combat corruption. Research in this area - theoretical, applied - has a high level of social demand. Countering drug addiction is the way to moral and physical recovery of the population, to suppress the illegal increase in capital by criminals, to stabilize the country's economic well-being. New approaches are needed, including organizational and legal, for effective control over the processes of prevention and suppression of offenses caused by the manufacture, sale and distribution of narcotic and psychotropic substances. Equally relevant are the problems of combating the spread of ludomania. Involvement in gambling threatens the onset of gambling addiction, which is akin to drug addiction. Drug addiction and ludomania are signs of national security threats. Ludomania is a fairly new phenomenon in Kazakhstan. To combat it, a new proactive strategy is needed, the use of which will help to exclude the repetition of the sad experience of the spread of drug addiction.

A new direction is forensic cybernetics. The development of this area of applied science can give a new impetus to the development of such fundamental branches of law as criminal, criminal executive, criminal procedural, administrative. Within the framework of cybernetic values, forensic theory, forensic tactics of investigative actions, forensic methods of investigating certain types of crimes, and forensic technology have equal prospects for further development. The development of these areas due to the introduction of information and communication technologies into traditional forensics is directly related to an increase in the range of criminal use of ICT for selfish purposes and, accordingly, an increase in crimes.

Thus, the research field of legal science expands its boundaries. The current topic of legal research covers all sectors of the national legal system. At the same time, the country is interested in the rejuvenation of scientific personnel. To assist in this task, the editorial board of the Journal provides its pages to novice lawyers. It is important for young scientists to determine the industry of their professional interests and receive methodological and methodological support. The editors of the Journal show their readiness to provide all possible assistance in the formation of a new generation of research lawyers and publish the most interesting research.

The editors of the Journal sincerely wish their readers and authors good luck in all good endeavors!

Sincerely, Editorial Board.

**МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫ.
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ**

**ОБЩАЯ ТЕОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА.
ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА**

**GENERAL THEORY OF STATE AND LAW.
HISTORY OF STATE AND LAW**

ҒТАХР 10.09.91
ӘОЖ 321(091)(4/9); 34(091)(4/9)

10.51889/2959-6181.2025.80.2.001

Қ.К.Айтхожин¹ , М.Т.Бейсенбаева² *, Д.К.Рустембекова³ 

¹ Kunaev University

²Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

³Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
(e-mail: kabdulsamikh@mail.ru; manshuk.beisenbaeva@mail.ru; dinara_226@mail.ru)

**БИЛЕР СОТЫ - ҚАЗАҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫНЫҢ
ІРГЕЛІ ИНСТИТУТЫ**

Аңдатпа

Мақалада билер сотының қазақ халқы үшін әлеуметтік-саяси құндылық ретіндегі мәні ашылып көрсетіледі. Мақала қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінің іргелі институты - билер сотын және оның Қазақстанның қазіргі құқықтық жүйесіндегі ықтимал рөлін зерттеуге арналған. Зерттеудің өзектілігі отандық заңнама мен сот жүйесін жетілдіру қажеттілігімен, сондай-ақ әділ сот төрелігінің тиімділігін арттыру мақсатында ата-баба дәстүрлерінің ғасырлық тәжірибесін пайдалану ниетімен айқындалады. Қазақтың дәстүрлі «Жарғы» құқығы мен би соты әділдігін кешенді әрі салыстырмалы түрде зерттейтін арнайы мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтын құрудың орындылығы негізделіп, осындай орталықтардың жергілікті құқықтық ерекшеліктерді ескерудегі рөлін көрсететін шетелдік тәжірибе (Канада, Аустралия) мысалға келтірілген. Ата-баба дәстүріне жүгіну қажеттігі елдің қолданыстағы құқықтық және сот жүйесін түбегейлі жетілдіру талабынан туындайды. Сонымен қатар, шетелдік (әсіресе, дүниежүзілік соттар қызметін ұйымдастыру тәжірибесі) үлгілерді зерделеу отандық заң шығарушының мұқият назарын аударуға лайық екені атап өтіледі.

Ауыл тұрғындары үшін сот қорғауының қолжетімділігін арттыру және аудандық соттар судьяларының жүктемесін азайту мақсатында би сотын елдің бірыңғай сот жүйесіне бірінші сатыдағы сот ретінде енгізу орынды деп саналады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңға тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізу, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы билер соты туралы» дербес заң қабылдау қажеттігі айқындалды.

Түйін сөздер: Қазақ әдет-ғұрып құқығы; сот билігі; сот жүйесі; қазақ билер соты, сот

К.К. Айтхожин¹, М.Т. Бейсенбаева², Д.К. Рустембекова³

¹ Кунаев университет

² Казахский Национальный аграрный исследовательский университет

³ Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова

СУД БИЕВ - ФУНДАМЕНТАЛЬНЫЙ ИНСТИТУТ КАЗАХСКОГО ОБЫЧНОГО ПРАВА

Аннотация

В исследовании раскрывается содержание суда биев как социально-политической ценности казахского народа. Статья посвящена исследованию суда биев как фундаментального института казахского обычного права и его потенциальной роли в современной правовой системе Казахстана. Подчеркнута актуальность исследования, обусловленная необходимостью совершенствования отечественного законодательства и судебной системы, а также стремлением использовать вековые традиции предков для повышения эффективности правосудия. Обосновывается целесообразность создания специализированного научно-исследовательского государственного института по комплексному и сравнительному изучению казахского права «Жарғы» и правосудия биев, приводится пример зарубежного опыта (Канада, Австралия) создания подобных центров для учета местной правовой специфики.

Такое обращение к вековым традициям предков во многом определяется необходимостью коренного улучшения отечественного действующего права и судебной системы страны. Отмечается, что заслуживает тщательного внимания отечественного законодателя зарубежный опыт организации и деятельности мировых судов. Целесообразно введение суда биев в единую судебную систему страны, как суда первой инстанции в целях расширения доступности судебной защиты для граждан сельской местности и существенного снижения нагрузки на судей районных судов. В этой связи необходимо принятие соответствующих дополнений и изменений в Конституцию Республики и в Конституционный закон «О судебной системе и статусе судей», а также самостоятельного Закона «О судах биев в Республике Казахстан».

Ключевые слова: казахское обычное право; судебная власть; судебная система; казахский суд биев, суд.

К.К. Aitkhozhin¹, М.Т. Beissenbayeva², D.K. Rustembekova³

¹ Kunaev University

² Kazakh National Agrarian Research University

³ Karaganda University named after Akademik E.A. Buketov

SUD BIEV IS A FUNDAMENTAL INSTITUTION OF KAZAKH CUSTOMARY LAW

Abstract

The article reveals the significance of the bi court as a socio-political value for the Kazakh people. It is devoted to the study of the bi court as a fundamental institution of the traditional Kazakh legal system and its potential role within the modern legal framework of Kazakhstan. The relevance of the research is determined by the need to improve national legislation and the judicial system, as well as by the aspiration to utilize the centuries-old traditions of ancestors to enhance the effectiveness of justice.

The article substantiates the feasibility of establishing a specialized state research institute for the comprehensive and comparative study of the traditional Kazakh legal system “Zhargy” and bi court

justice. It also refers to international experience (Canada, Australia) in creating similar centers aimed at considering local legal specificities.

The appeal to ancestral traditions stems from the need for a profound modernization of the country's current legal and judicial systems. In addition, it is emphasized that foreign practices – particularly the organization and operation of magistrate courts – deserve the close attention of domestic lawmakers.

It is considered appropriate to integrate the bi court into the country's unified judicial system as a court of first instance in order to improve access to legal protection for rural residents and to significantly reduce the workload of district court judges. In this regard, it is necessary to introduce appropriate amendments and additions to the Constitution of the Republic of Kazakhstan and the Constitutional Law “On the Judicial System and the Status of Judges”, as well as to adopt a separate Law “On Bi Courts in the Republic of Kazakhstan”.

Key words: Kazakh customary law; judicial power; judicial system; Kazakh biy court, court.

Негізгі ережелер

Зерттеудің негізгі қағидаты - би сотын Қазақстан Республикасының бірыңғай сот жүйесіне бірінші сатыдағы сот ретінде интеграциялау қажеттілігін негіздеу болып табылады. Бұл ауыл тұрғындарының сот әділдігіне қолжетімділігін кеңейтіп, аудандық соттардың жүктемесін едәуір азайтуға мүмкіндік береді.

Аталған бастама мынадай алғышарттарға сүйенеді:

- би сотының тарихи маңыздылығы;
- шетелдік тәжірибені талдау;
- оны заңнамалық тұрғыдан бекіту қажеттілігін негіздеу;
- «Қазақ би соты - бірегей сот жүйесі» халықаралық ғылыми конференциясының қазақтың дәстүрлі «Жарғы» құқығы мен би соты әділдігін кешенді әрі салыстырмалы түрде зерттейтін арнайы мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтын құру жөніндегі ұсынымы.

Би сотын қайта жаңғырту - бұл өткенге оралу емес, керісінше, Қазақстан қоғамының тарихи тамырын және қазіргі заманғы қажеттіліктерін ескеретін неғұрлым тиімді, қолжетімді және әділ сот жүйесін құруға бағытталған саналы қадам.

Kіріспе

Қазіргі уақытта Қазақстанда отандық құқықтық мемлекеттілігімізді орнықтырудың ажырамас шарты болып саналатын тепе-теңдік әрі тежемелік жүйесіндегі сот билігінің толыққанды жұмыс істеуі мен дамуына конституциялық-құқықтық негіз қалыптастырылды. Қазақстан Республикасының Президенті 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығымен бекітілген 2030 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасында: «Сот жүйесін жаңғырту жөніндегі жұмыс мынадай бағыттар бойынша жалғасуы қажет: соттардың одан әрі мамандандырылуы; істерді кассациялық сатыға беру тәртібін өзгерту; қалалардағы бірінші саты соттарын біріктіру» деп атап өтілген¹. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан судьяларының IX съезіндегі сөзінде де әділ сот мемлекеттің мызғымас тірегі болып саналатыны, ал сот жүйесі беделді әрі бейтарап болуы тиіс екені айтылды. «Заң мен Тәртіп – қоғамдағы әділеттіліктің негізгі көрсеткіштері. Бұл дегеніміз – заң алдында бәрі тең деген сөз. Сондықтан сот инстанциялары азаматтардың құқықтарын қорғауды мүлтіксіз қамтамасыз етуі қажет. Елдегі заң үстемдігін сақтау халық сенімінің кепілі болады»².

¹ Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығымен бекітілген // Қазақстан Республикасының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. // <https://adilet.zan.kz/rus>.

² Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан судьяларының IX съезінде сөйлеген сөзі // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты // <http://akorda.kz/>.

Сонымен қатар Қазақстан қоғам өмірінің барлық саласын жан-жақты жаңғырту кезеңін бастан өткеріп жатқандықтан, ұлттық құқықтық жүйені түбегейлі реформалау және осыған байланысты құқық қорғау жүйесі мен сот билігін түбегейлі қайта құру мәселелерін ең тиімді әлемдік құқықтық тәжірибе үлгілерін ескере отырып, қайта шешуге мәжбүр. Елімізде бірнеше жылдан бері ауқымды сот-құқықтық реформа жүргізіліп, шетелдік тәжірибе кеңінен қолданылып, құқықтық жүйеміз халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкестендірілуде.

Алайда мемлекеттік-құқықтық жүйені түбегейлі жаңғырту, ең алдымен, еліміздің дамуындағы алуан түрлі ұлттық факторларды (тарихи, мәдени, идеологиялық, саяси және т.б.) ескерусіз жүзеге асуы мүмкін емес. Өйткені Қазақстан Республикасының қазіргі мемлекеттік-құқықтық жүйесі де елдің өз тарихи даму үдерісінің, ең алдымен, қазақ халқының құқықтық мұрасына сүйенген тарихи эволюциясының жемісі.

Ата-бабамыздың ғасырлар бойғы салт-дәстүріне жүгіну – отандық құқықтық және сот жүйесін түбегейлі жақсарту қажеттілігінен де туындап отыр. Халқымыздың құқықтық мұрасынан, оның этнопсихологиялық ерекшеліктерінен қол үзбей, оны қазіргі заманның қоғамдық сананы жаңғырту талаптарына сай қайта пайымдауы үшін аса маңызды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу би соты феноменін жан-жақты зерделеп, оны Қазақстанның қазіргі құқықтық жүйесіне интеграциялау перспективаларын бағалауға мүмкіндік беретін өзара толықтыратын әдістер кешеніне негізделген.

Зерттеу материалдарын құрайтындар:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға енгізілуі жоспарланған өзгерістер мен толықтырулардың жобалары және «Қазақстан Республикасындағы би соттары туралы» заң жобалары;

2. Қазақтың дәстүрлі құқық жүйесінің тарихи көздері («Жарғы»), тарихи хроникалар, би сотының ұйымдастырылуы мен қызметін бейнелейтін құжаттар;

3. Қазақтың дәстүрлі құқығын, би сотының тарихын, Қазақстанның қазіргі сот жүйесінің жұмыс істеу мәселелерін, сондай-ақ шетел мемлекеттеріндегі төменгі деңгейдегі соттардың ұйымдастырылуы мен қызметіне арналған монографиялар, ғылыми мақалалар мен диссертациялар.

Зерттеу әдістері:

- тарихи-құқықтық әдіс: би сотының генезисін, эволюциясын және әртүрлі тарихи кезеңдердегі қызмет ету ерекшеліктерін зерделеу;

- салыстырмалы-құқықтық әдіс: қазақтың дәстүрлі құқығын өзге дәстүрлі құқық жүйелерімен салыстыру, сондай-ақ шетел мемлекеттеріндегі төменгі деңгейдегі соттардың ұйымдастырылуы мен қызметін талдау;

- жүйелік тәсіл: би сотын Қазақстанның тұтас құқықтық жүйесінің бір элементі ретінде қарастырып, оның өзге институттар мен құқықтық процестерге ықтимал әсерін бағалау;

- формальды-заңдық әдіс: нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық құжаттарды талдау арқылы би сотының құқықтық табиғатын және оны заңнамалық тұрғыдан бекіту мүмкіндігін анықтау;

- социологиялық әдістер: би сотын қайта жаңғыртудың қажеттілігі және оның ықтимал тиімділігі жөніндегі қоғамдық пікірді анықтау мақсатында заңгерлермен, судьялармен, мемлекеттік орган өкілдерімен және ауыл тұрғындарымен сауалнамалар, сұхбаттар жүргізу;

- талдау және синтез әдісі: жинақталған деректерді қорыту, негізгі үрдістер мен заңдылықтарды анықтау, Қазақстанның құқықтық жүйесін жетілдіру бойынша қорытындылар мен ұсыныстар әзірлеу.

Аталған әдіснамалық көзқарас би сотының тарихи, құқықтық және әлеуметтік қырларын кешенді түрде зерттеуге, Қазақстандағы сот әділдігінің қолжетімділігі мен тиімділігін арттырудағы оның әлеуетін айқындауға, сондай-ақ оны қазіргі құқықтық жүйеге интеграциялау бойынша ғылыми тұрғыдан негізделген ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ халқының ішкі тұрмысын айқындаған әдет-ғұрып құқығы нормалары жалпы тарихи маңызға ие. Әдет-ғұрып құқығының рухани-адамгершілік құндылығы – бізге қазақ халқының көне құқықтық өмірінен тағылым алып, жас ұрпаққа өнеге көрсетуге мүмкіндік береді. Байырғы «би соты» тәжірибесін ұлттық құқықтық дәстүрлердің көркем үлгісі ретінде көрсету – отандық заңнаманың рухани байлығын толықтыра түспек. Тәуелсіз мемлекеттің құрылуы, сөзсіз, барлық салаларда, соның ішінде құқық саласында да ұлттық бастауға сүйенуді талап етеді. Себебі, тәжірибие көрсетіп отырғандай, құқықтану халық ғасырлар бойы бөгде ықпалдың қысымында болған кезеңде ең алдымен ұлттық дәстүрден ажырап қалған. Бүгінде құқықтық өміріміздің бәрі бірдей ұлттық болмысымызбен үйлесе бермейді. Сол себепті заң шығару үрдісі барған сайын ұлттық құқық тарихына көбірек назар аудара бастады [1, 5 б.].

Жаңа әрі әділетті Қазақстанды құру жағдайында қазақ халқының тарихи тәжірибесі мен ғасырлық дәстүрін ескеру – қоғамды саяси жаңғыртудың алғышарты әрі қажетті шарты бола алады. Бұл, сөзсіз, халқымыздың құқықтық дамуының тарихи тамырына оралып, жоғалған адамгершілік, заңға бағыну, әділеттілік және өзге де әлеуметтік құндылықтарды қайта жаңғырту мен іздеуді талап етеді. Мәселен, көрнекті қазақстандық ғалым, академик С.З.Зимановтың «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» атты ғылыми тұжырымында әділ атап өткендей: билер соты демократияға барынша жақын, қызметі негізінен халықтың құқықтық және адамгершілік құндылықтарына сүйенген сот билігі болды, бұл қоғамдық-саяси жүйенің тұрақтылығы мен халықтық сипатының көрінісі еді [2, 97 б.]. Тіпті С.З.Зиманов атап өткендей: «Көшпелі өркениет аясында дүниеге келген қазақ құқығы сол дәуірдің адамзаттық арман-тілегін, құндылықтарын бойына сіңіре білді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ құқығы әлемдегі тарихи мәні бар құқықтық жүйелердің қатарынан өз орнын алуы керек» [2, 18 б.].

Халықтық дәстүрлерге қайта оралу - Тәуелсіз Қазақстанның өткен, қазіргі және болашақ көкжиегін жалғастыратын алтын көпір іспетті. Өйткені 1990-жылдардан бері елімізде жүріп жатқан саяси-құқықтық реформалар кезеңінде қоғамның абсолютті әлеуметтік-адамгершілік нормалары мен бағдарынан айырылуы - оның өзін-өзі тану дағдарысына да әкеліп отыр. Тарих тәжірибесі көрсеткендей, қоғамның құқықтық дамуында ұлттық құқықтық тәжірибе үлгілерін негізге ала отырып, оның тарихынан қазіргі құқықтық жүйенің дамуына қатысты жауап іздеу аса маңызды. Белгілі орыс философы Э.Ю.Соловьевтің: «Адамының киелі құндылықтары болмаса, ол ақыры не үшін өмір сүретінін түсіне алмайды, сөйтіп, кім екенін айқындай алмайды. Ал мақсат қоя алмау - саналы мақсаттарға жету жолындағы құралдарды таба алмаудан әлдеқайда қауіпті» [3, 40-41 б.] деп әділ атап өткен.

Мысалы, қазақтың дәстүрлі құқық тарихы көрсеткендей, көшпелі қоғамының қоғамдық өмірін реттеуші құрал ретінде қалыптасқан әдет-ғұрып құқығы қарапайым құқықтық нормалар жиынтығы ғана емес, қазақ халқының құқықтық санасының ажырамас бөлігі, халық сеніміне негізделген, қоғамның барлық мүшелерінің пікірін ескере алатын құқықтық құрылым болған. Қазақ халқының рухани дүниесінен және ұлттық санасынан қуат алған әдет-ғұрып құқығына көшпелі қоғам өмірінің күнделікті оқиғаларынан жоғары тұратын бірлік пен жоғары құндылықтар тән еді.

Таза мөлдір әділдік пен бейтараптықтың үлгісі болған қазақ билер соты өзінің берік негізін құрайтын мынадай қағидаларға сүйенді: судьяның пара алмайтындығы, бидің қызметінің адамгершілікке негізделуі, билер сотының қолжетімділігі мен жариялылығы, билердің шешендік өнерді меңгеруі - дәлелдеу мен шешім негізін түсіндіру құралы ретінде.

Қазақ билер сотының маңызды ерекшеліктерінің бірі - дауласушы тараптарды татуластыруға бағытталуы және кінәлілердің келтірген материалдық әрі моральдық зиянын толығымен өтеуі. Сондай-ақ, билер сотының ерекше руханилығы - дауларды шешуде моральдық ұстанымдарға баса мән беруі. Билер ең алдымен қоғамда орныққан моральдық нормаларға сүйенді. Жоғары адамгершілікке негізделген билер соты халқымызға бүгінге дейін маңызын жоймаған бай рухани мұра қалдырды. Дауларды шешуде билердің соттық және басқару қызметіндегі рухани мазмұн - бұл ұлттың ерекше кодын айқындайтын құрамдас бөлігі, оны сақтау – болашақ даму кепілі.

Сондықтан әдет-ғұрып құқығы - оның аясында жұмыс істеген қоғамның бір бөлшегі ретінде дәстүрлі адамгершілік-құқықтық құндылықтар жүйесін қамти отырып, қоғамның өзін де нығайтты. Ата-бабаларымыздың құқықтық әдет-ғұрыптарын бұлжытпай орындау және оны билердің мінсіз сот тәжірибесімен қолдау - қазақ қоғамының дамуы мен өзін-өзі реттеуінің тұрақты факторы болды. Бұл ретте академик С.З.Зиманов: «Қазақ құқығының негізі - халықтық сипат пен адамның табиғи бостандығы. Бұл адамның мәңгілік армандары мен ізгі мұраттарына үндес келетін моральдық идеалдар мен қағидалар еді. Сондықтан да қазақ құқығы өзге билеушілер мен олардың режимдерінің қылышынан да күшті болды» деп әділ атап өткен.

Билер соты қашанда адамгершілікке негізделіп, әділеттілікті басты мұрат еткен. Сол себепті қазақтың әдет-ғұрыптық құқықтық жүйесінде судья-бидің мәртебесі мен мәнін айқындаған тұтас қағидалар мен нормалар қалыптасқан. Бұл ұлттың құқықтық санасына сіңіп, дәстүрлі менталитеттің құрамына енді. Бүгінгі зерттеушілер де атап өтетініндей, «адам тағдырына тікелей әсер ететін судья қызметінің моральдық сипаты айрықша маңызға ие. Негізгі бағдар – адамның ар-ожданы және заң аясында істі шешуде көрініс табатын әділеттілік. Құқық үстемдігі моральдық негізге құрылуы қажет. Себебі моральдық әділеттілік сот төрелігінен еркіндікке жол бермейді» [4, 141 б.].

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында еңбек шартын бұзу мен тәртіптік жауапкершілікке қатысты нормалардың мазмұны мен құқықтық табиғатын ашуға, оларды теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты талдауға бағытталған. Зерттеудің мақсаты – еңбек шартын бұзу және тәртіптік жаза қолдану мәселелерін теориялық және практикалық тұрғыдан талдау арқылы қолданыстағы заңнама мен құқық қолдану тәжірибесіндегі олқылықтарды, формализмді және жүйесіздікті анықтау. Зерттеу барысында еңбек қатынастары субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін қорғау, еңбек дауларын тиімді реттеу тетіктері және тәртіптік жаза қолдану рәсімдеріндегі процессуалдық кепілдіктердің сақталу деңгейі сарапталады. еңбек шартын бұзу негіздері мен тәртібі, тәртіптік жауапкершілікке тартудың құқықтық тетіктері, олардың жұмыс беруші мен жұмыскердің құқықтық жағдайына әсері ғылыми талдауға түседі. Сонымен қатар, Еңбек кодексінің тиісті нормаларына жүргізілген терең құқықтық сараптама еңбек қатынастарын құқықтық реттеу саласында әлі де жетілдіруді қажет ететін бірқатар аспектілер бар екенін көрсетеді. Атап айтқанда, заңнамадағы нақты құқықтық олқылықтар мен екіұшты тұжырымдар, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесіндегі бірізділіктің болмауы еңбек дауларының әділ әрі тиімді шешілуіне кедергі келтіретіні анықталады. Зерттеу нәтижелері қазіргі кезеңде еңбек құқықтары мен еңбек қатынастарын реттеудің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Түйін сөздер: жұмыскер, жұмыс беруші, еңбек шарты, еңбек заңнамасы, тәртіптік жауапкершілік, еңбек қызметі, еңбек құқығы, еңбек қатынастары.

Zh.A. Khamzina¹, K.Turlykhankyzy^{1*}

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University

LABOR LAW REFORM: TERMINATION OF THE EMPLOYMENT CONTRACT AND IMPROVEMENT OF INSTITUTIONS OF DISCIPLINARY RESPONSIBILITY

Abstract

This study is aimed at revealing the content and legal nature of the norms concerning the termination of an employment contract and disciplinary liability in the labor legislation of the Republic of Kazakhstan, a comprehensive analysis of them from a theoretical and practical point of view. The purpose of the study is to identify gaps, formalism and haphazardness in current legislation and law enforcement practice through a theoretical and practical analysis of the issues of termination of an employment contract and the imposition of disciplinary penalties. The study will analyze the protection of the rights and obligations of subjects of labor relations, mechanisms for the effective settlement of labor disputes and the level of compliance with procedural guarantees in disciplinary proceedings. The grounds and procedure for termination of an employment contract, the legal mechanisms for bringing disciplinary responsibility, and their impact on the legal status of the employer and employee are subject to scientific analysis. In addition, an in-depth legal examination of the relevant norms of the Labor Code shows that there are a number of aspects in the field of legal regulation of labor relations that still need to be improved. In particular, it turns out that specific legal gaps and ambiguous formulations in legislation, as well as lack of consistency in law enforcement practice, hinder the fair and effective resolution of labor disputes. The results of the study play an important role in improving the effectiveness of regulation of labor rights and labor relations at the present stage.

Keywords: employee, employer, employment contract, labor legislation, disciplinary liability, labor activity, labor law, labor relations.

Ж.А. Хамзина¹, Қ.Тұрлыханқызы^{1*}

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая

РЕФОРМА ТРУДОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА: РАСТОРЖЕНИЕ ТРУДОВОГО ДОГОВОРА И СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ИНСТИТУТОВ ДИСЦИПЛИНАРНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ

Аннотация

Данное исследование направлено на раскрытие содержания и правовой природы норм, касающихся расторжения трудового договора и дисциплинарной ответственности в трудовом законодательстве Республики Казахстан, всесторонний анализ их с теоретической и практической точек зрения. Цель исследования - выявить пробелы, формализм и бессистемность в действующем законодательстве и правоприменительной практике путем теоретического и практического анализа вопросов расторжения трудового договора и наложения дисциплинарных взысканий. В ходе исследования будет проанализирована защита прав и обязанностей субъектов трудовых отношений, механизмы эффективного урегулирования трудовых споров и уровень соблюдения процессуальных гарантий в процедурах наложения дисциплинарных взысканий. основания и порядок расторжения трудового договора, правовые механизмы привлечения к дисциплинарной ответственности, их влияние на правовое положение работодателя и работника подлежат научному анализу. Кроме того, проведенная глубокая правовая экспертиза соответствующих норм Трудового кодекса показывает, что в сфере правового регулирования трудовых отношений существует

ряд аспектов, которые еще нуждаются в совершенствовании. В частности, выясняется, что конкретные правовые пробелы и неоднозначные формулировки в законодательстве, а также отсутствие последовательности в правоприменительной практике препятствуют справедливому и эффективному разрешению трудовых споров. Результаты исследования играют важную роль в повышении эффективности регулирования трудовых прав и трудовых отношений на современном этапе.

Ключевые слова: работник, работодатель, трудовой договор, трудовое законодательство, дисциплинарная ответственность, трудовая деятельность, трудовое право, трудовые отношения.

Негізгі ережелер

Еңбек тәртібі тараптар арасындағы құқықтық нормалармен реттелетін бағыныстылықты көрсететін еңбек қатынастарын реттеудің императивті сипатын қамтиды. Еңбек құқығында бұл жұмыскерлердің жұмыс беруші алдындағы тәртіптік жауапкершілігін білдіреді және мұндай шараларды қолдану көбінесе жұмыс берушінің қалауына байланысты. Бұл зерттеуде жұмыссыздықтың Қазақстандағы еңбек тәртібін сақтау тетігі ретіндегі рөлі қарастырылады, тәуелсіздік алған сәттен бастап жұмыссыздық деңгейі мен еңбек заңнамасының реформалары арасындағы өзара байланыс талданады. Онда тәртіптік практикаға байланысты еңбек заңнамасын дамытудың негізгі кезеңдері көрсетілген.

Kіріспе

Қазақстанның еңбек заңнамасында шешілуі қажет бірқатар парадокстар мен проблемалар бар. Еңбек қатынастарын реттеудегі және заңнаманың сақталуын қамтамасыз етудегі негізгі мәселе кінәлі жұмыскерлерге жауапкершілікті қолдану болып табылады. Қазіргі Қазақстандық еңбек заңнамасында парадоксалды жағдай қалыптасты: жұмыс берушілердің мүдделерін белсенді ілгерілету нәтижесінде жұмыскерлер еңбек қатынастары жүйесіндегі осал жаққа айналды. Қолданыстағы құқықтық нормаларға сәйкес жұмыскерлер тәртіптік, материалдық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктің барлық түрлерін атқаруға міндетті. Бұл олардың еңбек қатынастары шеңберінде төрт түрлі қысымға ұшырау ықтималдығын арттырады.

Еңбек қатынастары заңды теңдіктен басталса, бұзушылықтар тепе-теңдікті бұзады, бұл жұмыс берушіге тәртіптік жаза қолдануға мүмкіндік береді. Тарихи тұрғыдан алғанда, еңбек заңнамасы жұмыскерларды қанаудан қорғауға бағытталған, сондықтан заңсыз мінез-құлық пен тәртіптік шаралар арасындағы пропорционалдылықты қамтамасыз ету және тиісті процедураны қатаң сақтау өте маңызды болды.

Тәртіптік жауапкершілік институты еңбек құқығының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және оның дамуымен, қолдану тетіктерімен тығыз байланысты. Қазіргі кезеңде тәртіптік жауапкершілік институтын, оның ішінде тәртіптік жазаларды реформалау қажеттілігі өзекті мәселеге айналууда.

Тәртіптік жауапкершілік жұмыс орнындағы тәртіпті сақтауға және еңбек өнімділігін арттыруға ықпал етеді. Еңбек нарығының стандартты теориясы жұмыссыздықты дамыған елдердегі тәртіптік механизм ретінде қарастырады. Бұл мақала жұмыссыздық деңгейін және жұмыс орнындағы тәртіпті құқықтық реттеуді байланыстыратын теориялық модель құра отырып, Қазақстанға осы көзқарасты қолданады. Еңбек заңнамасының реформалары Қазақстанның еңбек нарығына әсер еткенімен, жұмыстан шығару сияқты тәртіптік шаралар көптеген ықпал етуші факторлардың бірі ғана болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мақсаттарына қол жеткізу үшін еңбек шартын бұзу және тәртіптік жауапкершілік бөлігінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына теориялық және практикалық кешенді талдау жүргізілді. Бұл тәсіл осы құқықтық нормалардың мәні мен құқықтық

табиғатын ашуға, сондай-ақ еңбек нарығындағы тәртіптік жауапкершілікті реттейтін заңнамалық өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді.

Деректер көздеріне мыналар жатады: Қазақстанның Ұлттық статистика бюросы мен Жоғарғы Сотының ресми статистикасы; Еңбек кодексіне тәртіптік жаза мен жұмыстан шығаруға қатысты түзетулер; тәртіптік жазаны көздейтін еңбек даулары бойынша сот шешімдері. Зерттеу сандық және сапалық әдістерді қолданады. Статистикалық және корреляциялық талдау құқықтық реформалар мен жұмыссыздық деңгейі арасындағы байланысты анықтауға көмектеседі, ал құқықтық интерпретация реформалардың еңбек тәртібіне әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканы одан әрі дамыту еңбек шарты тараптарының материалдық жауапкершілігі тетіктерін жетілдіру қажеттілігін объективті түрде айқындайды. Осыған байланысты жалдамалы еңбек саласындағы материалдық жауапкершілікті құқықтық реттеу мәселесі ғылыми зерттеулердің өзекті тақырыбына айналууда. Осы саладағы зерттеулер көрсеткендей, еңбек құқығы ғалымдары аталған құқықтық категорияны түсіндірудің әртүрлі тәсілдерін қолданады.

Еңбек құқығындағы жауапкершілік басқа жауапкершілікпен ара қатынасы еңбек құқығы теориясында ең маңызды мәселе. Әр түрлі құқықтық институттардың ұқсастығы олардың ерекшеліктерінде емес, олардың қызметінде көрінеді. Сондықтан олардың арасындағы ортақ белгілерді іздеудің орнына әр институттың ерекшелігін анықтау маңызды. Осыған байланысты еңбек құқығындағы жауапкершілікке тарту қызметі мен заңнаманың жалпы қызметі арасындағы байланыс реттеуші, алдын алу, жазалау және қалпына келтіру сияқты функциялар арқылы анықталуы керек. Осылайша, еңбек құқығы саласындағы институт ретінде еңбек шарты тараптарының жауапкершілігін реттейтін құқықтық нормалар жүйесі біртекті қоғамдық қатынастарды реттеудің маңызды құралы болып табылады.

ҚР Еңбек кодексінің мазмұнында еңбек және құқықтық жауапкершілік институтын ресми бекітудегі жағдай біршама күрделене түсті. Осы институтқа қатысты ережелер кодекстің әртүрлі тарауларына бөлінеді, бұл құқықтық институттың мазмұны мен оның нысаны арасында үйлесімділіктің жоқтығын көрсетеді.

ҚР Еңбек кодексінің аталған бөлімінің 63-66-баптарын талдау барысында тек бір ғана 63-бап еңбек тәртібі мен жұмыскерлердің күн тәртібі мәселелерін қамтитынын атап өткен жөн⁹. Ал қалған баптарда жұмыскердің тәртіптік жауапкершілігіне байланысты нормалар қарастырылады. Осыған байланысты зерттеу аясында тәртіптік жауапкершілік ұғымын нақтылау қажеттілігі туындайды.

«Тәртіптік жауапкершілікке тарту құқығы жұмыс берушіге және оның әкімшілігіне тиесілі. Еңбек заңнамасында жұмыскерлердің тәртіптік жауапкершілігінің екі түрі қарастырылған: жалпы және арнайы. Жалпы тәртіптік жауапкершілік ішкі еңбек тәртібі ережелерінде және еңбек заңнамасында көзделген. Бұл жауапкершілік арнайы тәртіптік жауапкершілікке тартылатын жұмыскерлерді қоспағанда, барлық жұмыскерлерге қолданылуы мүмкін. Арнайы тәртіптік жауапкершілік жұмыскерлердің белгілі бір санаттарына қатысты заңнамамен немесе ведомстволық актілермен белгіленеді» [1].

«Тәртіптік жауапкершілік - бұл еңбек тәртібін бұзушыға құқықтық ықпал ету шарасы. Ал еңбек тәртібі - бұл жұмыс беруші мен жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, сондай-ақ келісімдерде, еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде, құрылтай құжаттарында белгіленген міндеттемелерді тиісінше орындауы. Тәртіптік жауапкершілік тәртіптік жаза қолданудан көрінеді. Жұмыскердің өзінің

⁹ Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>. (өтінім берілген күн: 06.05.2025)

лауазымдық міндеттерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы тәртіптік жазаға әкеп соғады. Тәртіптік жаза - бұл жұмыс берушінің жұмыскерге тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін қолданатын тәртіптік ықпал ету шарасы. Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін жұмыскер еңбек тәртібі бұзылған (себепсіз жұмысқа келмеу, еңбек міндеттерін орындамау немесе тиісінше орындамау) жағдайда тәртіптік жауапкершілікке тартылады» [2].

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыскерлердің кінәлі әрекеттері мен жауапкершілігіне жан-жақты талдау жүргізу маңызды. Еңбек тәртібі бұзылған жағдайда жұмыскер әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Мысалы, жұмыс орнында алкогольдік ішімдіктер ішу немесе жұмыс уақытын бұзатын әрекеттер жасау. Жұмыс орнындағы қауіпсіздік нормаларын бұзу еңбекті қорғау туралы заңнамаға сәйкес жұмыскерлер жұмыс орнындағы қауіпсіздік шараларын сақтауға міндетті. Егер жұмыскер қауіпсіздік ережелерін бұзса, ол өзіне және айналасындағыларға қауіп төндіруі мүмкін.

ҚР Еңбек кодексі мынадай ұстанымды көрсетеді: тәртіптік жауапкершілік Еңбек құқықтық қатынастары шеңберінде кейінге қалдырылады, ал материалдық жауапкершілік еңбекпен тікелей байланысты қатынастарға жатады. Бұл қатынастарды материалдық жауапкершілікке жатқызуға жеткілікті негіз жоқ сияқты, бірақ олардың еңбек қатынастарымен тікелей байланысты екендігі көрсетілген [3].

Еңбек және жұмыскерлердің еңбек қызметін қоғамдық ұйымдастыру саласындағы заңға сәйкес мінез-құлықты қалыптастыру әртүрлі ынталандыру тетіктерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте еңбек тәртібін бұзуға жол берген жұмыскерлердің құқыққа қарсы әрекеттеріне қарсы күрес құралдарының бірі ретінде оларды тәртіптік жауапкершілікке тарту түріндегі құқықтық шараларды қолдану қарастырылады. Осыған байланысты, Н. Абросимованың пікірінше, «жұмыскерді тәртіптік жауапкершілікке тарту - бұл жұмыс берушінің міндеті емес, құқығы болып табылады, сондықтан оның бұл құқықты пайдалануы немесе пайдаланбауы жұмыс берушінің еркінде. Алайда жұмыс беруші өзіне берілген құқықты жүзеге асырған жағдайда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды сақтауы тиіс» [4].

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 21-бабына сәйкес, жұмыскерлер өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындауға, ішкі еңбек тәртібі ережелерінің талаптарын сақтауға, еңбек тәртібін сақтауға, еңбекті қорғау ережелерін қатаң сақтауға, сондай-ақ өз жұмыскерлерінің мүлкіне ұқыпты қарауға тиіс.

Еңбек тәртібін бұзу деп жұмыскердің өзінің еңбек міндеттерін заңсыз және кінәлі орындамауы деп түсінуге болады. Еңбек тәртібін қамтамасыз ету адал еңбекті ынталандыру және көтермелеу әдістерін, сондай-ақ мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы, оның ішінде еңбек тәртібін бұзатын адамдарды тәртіптік жауапкершілікке тарту арқылы жүзеге асырылады. Мәжбүрлеу шараларының негізгі мақсаты құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады [5].

А.Ахметов пен Г.Ахметованың көзқарасына сәйкес, «еңбек тәртібін бұзу - бұл жұмыскердің жеке еңбек шартында көзделген міндеттерін кінәлі түрде және құқыққа қайшы орындамауы немесе тиісті деңгейде орындамауы. Мұндай тәртіп бұзушылық тәртіптік жауапкершілікке тартудың негізі болып табылады және ол нақты құқық бұзушылық жасаған жұмыскерге ғана қолданылады. Тәртіптік жауапкершілік - еңбек процесі кезінде орын алған құқыққа қайшы әрекет үшін қолданылатын заңды жауапкершілік нысаны. Сонымен қатар, заңнамада қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және материалдық жауапкершілік түрлері де көзделген, олардың әрқайсысы тиісті құқықтық нормалармен реттеледі» [6, б. 166-169].

Құқықтық қағидаттарды ескере отырып, еңбек қатынастарына қатысушылар заңмен жүктелген міндеттемелерді мүлтіксіз орындауға міндетті. Мәжбүрлеу процесінде жұмыс беруші өзінің еңбек құқықтары мен міндеттерін толық және тиімді орындауды қамтамасыз етуі, сондай-ақ жұмыскердің еңбек құқықтарын іске асыруы үшін жағдай жасауы керек. Сонымен қатар, жұмыс беруші жұмыскерден өз құқықтары мен міндеттерін тиісті түрде

орындауды талап етуі керек. Бұл жағдайда жұмыскерлердің еңбек құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз ететін заңнама нормаларынан ауытқуға жол берілмейді. Егер жұмыскер еңбек міндеттерін бұзса (яғни тәртіптік теріс қылық жасаса), жұмыс беруші жұмыскерді тәртіптік жауапкершілікке тарта алады. Әділдік қағидаты тұрғысынан осы теріс қылықтың барлық мән-жайлары және жұмыскердің оған деген көзқарасы тәртіптік теріс қылықтың ауырлығына, нақты жағдайға, жұмыскердің жеке ерекшеліктеріне және оның жұмыс тәжірибесіне сәйкес анықталуы және тәртіптік жазаны қолдану туралы құқықтық норманың әділ және дұрыс қолданылуын қамтамасыз етуі керек. Осылайша, құқық қолдану процесінің әр кезеңінде заңдылық пен әділеттілік принциптері өзара үйлесімді түрде сақталады [7].

«Қазақстан Республикасының Конституциясы заң мен сот алдында барлығының теңдігі ережелерін белгілейді (14-бап)»¹⁰. Конституциялық құқықтың отандық ғылымының өкілдері құқықтық мемлекеттің жұмыс істеуі құқықтық теңсіздіктің барлық нысандарын сақтауды және ұдайы молайтуды болдырмайтынын, сондай-ақ әлеуметтік әділеттілік қағидаттарын дәйекті іске асыруды көздейтінін атап өтеді. Сонымен қатар, әлеуметтік әділеттілік адам құқықтарын қамтамасыз ету ретінде түсіндіріледі. Мәжбүрлеу мен жауапкершілікке байланысты қатынастарда әділеттілік құқық бұзушылық пен жаза шараларының өзара сәйкестігімен өлшенеді. Осылайша, құқықтық мемлекетте әділеттілік қағидаты нормативтік бекіту арқылы қоғамдық қатынастардың барлық салаларына енгізілуі керек.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, ҚР Еңбек кодексінің 7-бабына «еңбек қатынастары тараптарының өз құқықтарын теріс пайдалануына жол бермеу қағидатын» енгізген жөн болар еді. Бұл қағиданы келесідей тұжырымдауға болады: «еңбек құқықтары олардың нақты мақсатына сәйкес қолданылуы керек, ал еңбек міндеттері адал орындалуы керек. Жұмыскерлер мен жұмыс берушілер еңбек заңнамасына, еңбек құқығының нормаларын қамтитын өзге де нормативтік құқықтық актілерге және еңбек шартының талаптарына сәйкес өз құқықтарын адал жүзеге асыруы және міндеттерін орындауы тиіс»¹¹.

Бұл тұжырым еңбек қатынастары тараптарының өзара адалдық пен жауапкершілік қағидаттарын сақтауына ықпал етеді.

Еңбек құқығындағы тәртіптік теріс қылықтың келесі белгілері бар: «еңбек шартын құқықтық қатынастарға қатысушы болып табылатын, әрекет қабілеттілігі бар және заңда белгіленген жасқа жеткен жұмыскер жасайды; құқық бұзушылық жұмыскердің еңбек міндеттерін кінәлі орындамауынан немесе тиісінше орындамауынан көрінеді; құқық бұзушылық жұмыскердің қызметтік міндеттерін атқаруына тікелей байланысты болуы тиіс; тәртіптік теріс қылық жұмыс берушіге зиян келтірумен сипатталады, бұл залал заңсыз әрекет (немесе әрекетсіздік) мен оның нәтижесі арасындағы себеп-салдарлық байланыспен дәлелденуі керек» [8].

Еңбек заңнамасында тәртіптік теріс қылықтың заңсыздығын жоюға негіз болатын мән-жайлар, мысалы, теріс қылықтың елеусіздігінен немесе жұмыс берушіде қажетті еңбек жағдайларының болмауынан туындайтын аса қажет жағдайдағы іс-әрекеттер туралы нақты айтылмайды. Іс жүзінде мұндай жағдайлар жиі кездесетіні анық.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі жұмыскердің негізгі міндеті ретінде еңбек тәртібін сақтауды бекітеді. Заңды міндет деп аталатын бұл талап жұмыста тиісті мінез-құлықтың жалпы принципін анықтайды. Жұмыс күшінің барлық мүшелері үшін ортақ міндеттерден басқа, жұмыс берушілерге жүктелген еңбек тәртібін қамтамасыз етуге бағытталған арнайы міндеттерді нақты ажырату қажет. Бұл міндеттер еңбек процестерін

¹⁰ Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (өзгерістер мен толықтырулармен). [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>. (өтінім берілген күн: 06.05.2025)

¹¹ Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРПЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>. (өтінім берілген күн: 06.05.2025)

ұйымдастыру мен басқаруды жүзеге асыру кезінде нормативтік құқықтық актілер мен ережелерде бекітілген құқықтар мен міндеттердің өзара бірлігін қамтамасыз етуге негізделген. Осыған байланысты еңбек қатынастары саласындағы тәртіптік теріс қылық жұмыскердің еңбек міндеттерін кінәлі және заңсыз бұзуы ретінде түсіндіріледі. Мұндай теріс қылық үшін тәртіптік жауапкершілік қарастырылған және еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолданылады. Іс жүзінде көбінесе жұмыскер өз бастамасы бойынша еңбек шартын бұзады, бұл жағдайда жұмыскер мұндай ауыртпалықты өз еркімен алады және заң мұндай жағдайларды жоққа шығармайды. Мұндай жағдайларда тараптардың келісімі бойынша еңбек шартын бұзу тәртіптік жауапкершілікке тартудың шартты негіздерін білдіреді, өйткені ол жұмыс берушіге жұмыскердің өз қалауы бойынша шартты қабылдауға немесе орындаудан бас тартуға құқық береді.

Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, жазаларды белгілеу негіздерінің ерекшелігіне және оларды қолдану деңгейіне байланысты Еңбек тәртіптік жауапкершілігінің шартты сипатын мойындау дұрыс емес. Бұл тәсіл еңбек құқығының туынды функциясын басымдыққа айналдырады және тәртіптік жауапкершілікті мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен тығыз байланыстырады.

Алайда, біздің ойымызша, айыппұл санкцияларын заңнамалық бекіту еңбек заңнамасының әлеуметтік функциясынан туындайды және жұмыс берушінің тәртіптік өкілеттіктерді негізсіз теріс пайдалануын шектеуге бағытталған. Бұл тәсіл еңбек қатынастары тараптарының құқықтары мен міндеттерін тепе-тең негізде реттеуге мүмкіндік береді және жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы құқықтық қорғау тетігін нығайтады. Сонымен қатар, мұндай критерийді шарттан тыс туындайтын заңды жауапкершілік пен жауапкершіліктің негізі ретінде қарастыра отырып, азаматтық-құқықтық шарттың тараптары азаматтық-құқықтық шартты жасасу кезінде шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ережелер өзара келіспеген жағдайда немесе шартта шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік жүктелетіні туралы ереже белгіленсе азаматтық-құқықтық шарт тараптарына, тараптардың жауапкершілігі қолданыстағы заңнамада көзделген тараптардың жауапкершілігінің сипаты шартты болып табылмайды.

Қорытынды

Жоғарыда баяндалған тұжырымдарды негізге ала отырып, еңбек құқығы саласындағы тәртіптік жауапкершілік еңбек шарты шеңберінде ғана туындайды деген ғылыми қорытынды жасауға болады. Еңбек шартының бұзылуы тараптар арасындағы еңбек-құқықтық қатынастардың тоқтатылуына әкеліп соғады және бұл жағдай тәртіптік әрі материалдық жауапкершілікке байланысты ықтимал жағымсыз құқықтық салдардың алдын алуға мүмкіндік береді.

ҚР Еңбек кодексінің 65-бабына сәйкес, егер тәртіптік теріс қылық айқын және елеулі болып табылса, жұмыс беруші жұмыскердің жазбаша түсіндірмесін күтпей, оны басшылыққа ала отырып, тәртіптік жаза қолдануға құқылы. Осылайша, жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзудың құқықтық моделі заңда белгіленген тәртіппен тәртіптік теріс қылық жасау және тәртіптік жауапкершілікке тарту ретінде анықталуы мүмкін. Жұмыскерге тәртіптік жаза қолдану рәсіміне қатысты айтар болсақ, бұл механизм заңды жауапкершілік қағидаттарына толық сәйкес келмейді және тәртіптік жазаны жедел түрде қолдануға ықпал етпейді деген пайым жасауға негіз бар. Атап айтқанда, тәртіптік жаза қолданар алдында тиісті актінің жасалуын талап ететін қолданыстағы рәсім жұмыскердің екі жұмыс күні ішінде жазбаша түсініктеме ұсынбаған жағдайында, егер жұмыскердің түсініктеме беруден жалтаруы дәлелденуі қиын болса, тәртіптік шараның заңдылығына күмән туғызуы мүмкін және оны заңды жауапкершілік аясында қарауға негіз болады.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінде жұмыскердің тәртіптік теріс қылығы нәтижесінде еңбек қатынастарын тоқтату, еңбек шартын бұзу үшін құқықтық алғышарттарды

айқындайды және оларды жалпы шарттарға жатқызады және арнайы негіздер оларды жіктеуге мүмкіндік береді. Жалпы негіздер қызметтің барлық салаларында қолданылғанымен, арнайы негіздер жұмыскердің еңбек функциялары мен қызметінің ерекшеліктеріне тікелей байланысты анықталады. Сонымен қатар, аталған негіздер жұмыс берушінің атқарушы органдарының басшыларына, олардың орынбасарларына, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктердің жетекшілеріне қатысты арнайы талаптардың қойылуын көздейді. Бұл қызметтік міндеттері мен жауапкершілік деңгейі жоғары лауазымды тұлғаларға тәртіптік жауапкершілік механизмдерін қолдануда ерекше тәртіп пен қатаң өлшемдердің сақталуын қамтамасыз ету қажеттілігін айқындайды. Еңбек қатынастарын тоқтату үшін негіздер жұмыскердің заңды жауапкершілігін нақтылауға және еңбек заңнамасының салалық ерекшеліктерін ескеруге бағытталған құқықтық тетіктерді көздейді.

Авторлардың қосқан үлесі

Ғылыми мақаланы жазуда авторлардың үлесі ортақ. Авторлар мақаланы жариялау барысында бірлесе отырып зерттеу жүргізіп талқылаудан өткізді.

Хамзина Ж.А. - мақаланы жазу барысында мақсат-міндеттерімен зерттеуді жүргізіп, нәтижелерді талдап, сыни тұрғыда қарастырды. Зерттеуге қажетті әдіснаманы таңдау, ақпараттарды талдау жұмысымен айналысу арқылы «Нәтижелер мен талқылау» және «Қорытынды» бөлімдерін дайындауға үлес қосты.

Тұрлыханқызы Қ. - тақырыптың өзектілігін арттыруда ұсыныстар келтіру, жұмыстың түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу үшін материалдар жинау, отандық және шетелдік заңнамалық актілерді талдап, «Негізгі ережелер», «Кіріспе», «Материалдар мен әдістер» бөлімдерін дайындап, библиографиялық тізімді және транслитерацияны рәсімдеді.

Алғыс айту

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің АР25793729 Реформалау және жаңғырту: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін дамыту стратегиялары

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Гилева Н.В. Новеллы Трудового кодекса Республики Казахстан в части расторжения трудового договора по инициативе работодателя // Трудовое право в России и за рубежом. – 2016. – №1. – С. 41-44.

2 Хасенов Х.М. Правовое регулирование рынка труда Казахстана: проблемы и решения - С. 261-296. / Трансформация экономики Казахстана. - Астана: Типография IndigoPrint, 2019. – 368 с.

3 Нурғалиева Е.Н. Комментарий к Трудовому кодексу Республики Казахстан. – Караганды: РИО «Болашақ – Баспа», 2015. – 849 с.

4 Абросимова Н. Основания применения и виды дисциплинарных взысканий // <https://defacto.kz/ru/content/osnovaniya-primeneniya-i-vidy-distsiplinarnykh-vzyskanii> (өтінім берілген күн: 06.05.2025)

5 Хамзина Ж.А., Бурибаев Е.А., Турлыханқызы К., Молдахметова Ж., Кошпенбетов Б., Несибели К. Разгрузка судебной системы в Казахстане? Альтернативные способы разрешения индивидуальных трудовых споров. Обзор сравнительного правоведение. – No27. – 2021. – С. 275-296

6 Ахметов А., Ахметова Г.А. Еңбек құқығы. Оқулық. – Алматы: Нұр-пресс, 2005. - 413 б.

7 Құралай Т. Жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне, тәртіптік теріс қылығына байланысты еңбек шартын бұзу және тәртіптік жауапкершілік, оның принциптері. // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы, Құқықтану сериясы. – 2022. – С. 276. (өтінім берілген күн: 06.05.2025)

8 Buribayev, Y., Khamzina, Z., Rakhimova, G., Turlykhankyzy, K., & Kalkayeva, N. Advantage and Risks of the Specialization of Courts in Social and Labor Disputes //IJCA. – 2023. – Vol. 14. – P. 1.

Refernces

- 1 Gileva N.V. *Novelly Trýdovogo kodeksa Respýblıkı Kazahstan v chasti rastorjenia trýdovogo dogovora po inisiative rabotodatelá* // *Trýdovoe pravo v Rossii i za rýbejom*. – 2016. – №1. – S. 41-44.
- 2 Hasenov H.M. *Pravovoe regýlirovanie rynka trýda Kazahstana: problemy i reshenia* - S. 261-296. / *Transformatsia ekonomiki Kazahstana*. - Astana: IndigoPrint Baspahanasy, 2019. – 368 s.
- 3 Nýrgalieva E.N. *Komentari k Trýdovomý kodeksý Respýblıkı Kazahstan*. – Karagandy: RIO "Bolashak – Baspa", 2015. – 849 s.
- 4 Abrosimova N. *Tártiptik jazalardy qoldany negizderi men túrleri* // <https://defacto.kz/ru/content/osnovaniya-primeneniya-i-vidy-distiplinarnykh-vzyskanii> (ótinim berilgen kún: 06.05.2025)
- 5 Hamzina J.A., Býribaev E.A., Turlyhanqyzy K., Moldahmetova J., Kóshpenbetov B., Nesibeli Q. *Qazaqstandaғы sot júesin Jeñildetý? Álternativnye sposoby razresheniya individualnyh trýdovyh sporov. Obzor sravnitel'nogo pravovedenie*. - №27. – 2021. – S. 275-296
- 6 Ahmetov A., Ahmetova G. A. *Enbek quqyғы. Oqylyq*. – Almaty: Nur-pres, 2005. - 413 b.
- 7 Quralai T. *Jumyskerdiń kináli áreketterine, tártiptik teris qylyғыna bailanysty enbek shartyn buzý jáne tártiptik jaýapkershilik, onyń prinsipteri*. // *Abai atyndaғы Qazupý Habarshy, Quqyqtany seriesy*. – 2022. – S. 276. (ótinim berilgen kún: 06.05.2025)
- 8 Býribaev, Iý., Hamzina, Z., Rahimova, G., Turlyhanqyzy, K., & Kalkaeva, N. *Sottardyń Áleymettik Jáne Enbek Daylary Boıynsha Mamandanyynyń Artyqshylyғы men Táyekelderi* //IJCA. – 2023. - Tom. 14. – B.1.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС.
КРИМИНОЛОГИЯ. КРИМИНАЛИСТИКА**

**УГОЛОВНОЕ ПРАВО И ПРОЦЕСС.
КРИМИНОЛОГИЯ. КРИМИНАЛИСТИКА**

**CRIMINAL LAW AND PROCESS.
CRIMINOLOGY. FORENSICS**

ҒТАХР: 10.77.41
ӘОЖ 343.265

10.51889/2959-6181.2025.80.2.008

Р.Б. Байзакова¹ , А.Р. Бижанова² , Ж.Жайлау³ 

¹С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая

³ Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті
(e-mail: rau.b.777@mail.ru; Aike_74@mail.ru; zhan1831@bk.ru)

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БОСАТУ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ ЖӨНІНДЕ**

Аңдатпа

Қылмыстық жауаптылықтан босату институты әруақытта қылмыстық құқықтық доктрина мен практикадағы өзекті және маңызды мәселелердің бірі болып келген.

Сот практикасында қылмыскердің кінәсі анықталады және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы (өзге де ықпал ету шаралары) тағайындалады. Бірақ бұл тағайындалған шара қаншалықты тиімді болады деген сұраққа жауап - бұл жеке сұрақ. Қылмыстық заңнаманың түпкі мақсатына жету маңызды десек те, күні бүгінге дейін ғылымда қылмыстық жауаптылық және қылмыстық жауаптылықтан босату ұғымдарына қатысты бірыңғай түсінік жоқ. Бұл қылмыстық жауаптылықтан босату жөніндегі норманы құқық қолдану тәжірибесінде жүзеге асыруда қайшылықтарды жиі тудырады.

Мақалада қылмыстық жауапкершіліктен босату институтының қылмыстық құқықтағы орны қаралады.

Қылмыстық жауаптылықтан босату қылмыстық мәжбүрлеуді шектеу және жұмсарту үрдісін көрсетеді. Бұл ретте қылмыстық жазадан босатуды тек жеке тұлғаның ерекшеліктерін мұқият зерттегеннен кейін, оның түзелуге мүмкіндігі болса ғана және әрбір нақты жағдайда қолдануы тиіс. Қылмыстық жауапкершіліктен босату жазаны орындаудан ғана емес, сонымен қатар жазалау шарасын тағайындаудан да босату дегенді білдіреді. Авторлар субъектінің қылмыстық іс-әрекет жасағаннан кейінгі оң мінез-құлқын бақылай отырып, оның қоғамға қауіптілігін жоғалтқандығына көз жеткізу қылмыстық жауаптылықтан босатудың жалпыға ортақ шарты болғаны дұрыс деген тұжырымға келеді.

Түйін сөздер: қылмыс, қылмыстық жауапкершілік, дифференциация, қылмыстық жаза, жауаптылықтан босату, баламалы ықпал ету шаралары.

Р.Б. Байзакова¹, А.Р. Бижанова², Ж. Жайлау³,

¹Казахский агротехнический исследовательский университета им. С.Сейфуллина

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая

³Алматинский гуманитарно-экономический университет

О ПРАВОВОЙ ПРИРОДЕ ИНСТИТУТА ОСВОБОЖДЕНИЯ ОТ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ

Аннотация

Статья посвящена актуальным вопросам института освобождения от уголовной ответственности и применения альтернативных мер воздействия на лиц, совершивших уголовные правонарушения, в современной уголовно-правовой доктрине и практике.

В судебной практике выявляется виновность преступника и назначается мера уголовно-правового воздействия (иные меры воздействия). Но ответ на вопрос, насколько эффективной будет эта назначенная мера, - отдельный вопрос. Несмотря на то, что достижение конечной цели уголовного права имеет важное значение, в науке сегодня не сформировано единое понятие уголовной ответственности и освобождение от уголовной ответственности. Это вызывает много споров в правоприменительной практике в ходе реализации нормы по освобождению от уголовной ответственности.

Освобождение от уголовной ответственности свидетельствует о тенденции к ограничению и смягчению уголовного принуждения. при этом, все виды освобождения от уголовной ответственности должны применяться в каждом конкретном случае индивидуально, с учетом личностных качеств виновного и возможности его исправления без применения наказания. Важно отметить, что освобождение от уголовной ответственности означает не только освобождение от исполнения наказания, но и от назначения меры наказания в целом.

Авторы полагают, что общим условием освобождения от уголовной ответственности должно быть убеждение, что субъект после совершения преступного деяния утратил общественную опасность, требующую контроля за его позитивным поведением.

Ключевые слова: преступление, уголовная ответственность, дифференциация, уголовное наказание, освобождения от ответственности, иные меры уголовно-правового воздействия.

R.B. Baizakova¹, A.R. Bizhanova², Zh. Zhailau³

¹Kazakh Agrotechnical Research University named after S. Seifullin

²Abai Kazakh National Pedagogical University

³Almaty humanitarian and economic University

ON THE LEGAL NATURE OF THE INSTITUTION OF EXEMPTION FROM CRIMINAL LIABILITY

Abstract

The article is devoted to the actual problems of the institution of exemption from criminal liability and the application of alternative measures of influence on persons who have committed criminal offenses in modern criminal law doctrine and practice.

In judicial practice, the guilt of the offender is determined and a measure of Criminal Law influence (other measures of influence) is prescribed. But the answer to the question of how effective this prescribed measure will be is a separate question. Despite the great importance of achieving the ultimate goal of criminal law, today science has not developed a single concept of criminal liability and exemption from criminal liability. This causes many disputes in law enforcement practice in the process of implementing the norm of exemption from criminal liability.

Exemption from criminal liability reflects a tendency to limit and mitigate criminal coercion. at the same time, all types of exemption from criminal liability should be applied individually in each specific case, taking into account the personal qualities of the culprit and the possibility of correcting it without applying punishment. It should be noted that exemption from criminal liability implies not only exemption from the execution of punishment, but also the imposition of a general punishment.

The authors believe that ensuring the loss of the subject's public danger due to his positive behavior after committing a criminal act is a generally accepted condition for exemption from criminal liability.

Key words: crime, criminal liability, differentiation, criminal punishment, exemption from liability, other measures of criminal legal influence.

Негізгі ережелер

Қылмыстық жауапкершіліктен бастау мәселелерін шешу еліміздің қылмыстық құқық теориясы мен тәжірибесі үшін маңызды практикалық мәнге ие. Қылмыстық жауапкершіліктен босатуды реттейтін ережелер дербес құқықтық институтты құрайды. Жеңілдететін мән-жайлар (белсенді өкіну, кәмелетке толмағандар және т.б.) қылмыстық жауаптылықтан босатудың бір немесе басқа түрін қолдануға негіз болып табылады. Бұл мән-жайлар - тек жаза ғана емес, жауапкершілікті дараландыру құралы.

Қылмыстық жауапкершіліктен босатудың тоғыз жалпы түрі бар, олардың қолдану тәртібі, негіздері мен шарттары ҚР Қылмыстық кодексінің Жалпы бөлімімен анықталады.

Кіріспе

Жаза мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде анықталып, сот үкімімен тағайындалады. Жаза кінәлі тұлғаның құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе шектеу түрінде жүзеге асырылады. Жазаның негізгі мақсаты әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған тұлғаны түзету және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу ретінде қылмыскерге де, қоғамдағы басқа адамдарға да қатысты. Жаза физикалық азаптау немесе адамдық қадір-қасиетті төмендетуді мақсат етпейді.

Бұл анықтама заң шығарушының «жаза» сөзінен бас тартып, оны «мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы» ретінде қабылдануына негіз болған. Себебі мәжбүрлеу болмаса, қылмыстық құқық өзінің негізгі қызметін орындау қабілетін жоғалтуы мүмкін еді.

Дегенмен, қазіргі уақытта қоғамның демократиялануы мен қылмыстық саясаттағы либерализацияның арқасында қылмыс жасаған тұлғаларға қылмыстық құқықтық ықпал ету тиімділігін арттыру үшін тек жаза қолданумен шектелмей, қылмыстық заңнаманың ынталандырушы нормаларын пайдалану арқылы жаңа тәсілдер іздеу қажеттілігі туындайды. Бұл нормалар қылмыс жасаған адамдарға ғана емес, жалпы азаматтарға да профилактикалық әсер етуі мүмкін.

Қазақстанда бұл мәселе өте өзекті болып табылады, себебі соңғы уақытта елде түрмедегі халық санының тұрақты өсуі теріс үрдіс ретінде байқалған. Қазақстан тәуелсіздік алған уақыттан бері Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мәліметтері бойынша 1,5 миллионнан астам адам түзету мекемелерінде болған. Осыған байланысты Қазақстан Үкіметі колониядағы жазасын өтеген адамдардың санын азайту міндетін қойған және бұл мәселеде белгілі бір прогреске қол жеткізді. Аталған бағытты одан әрі жалғастыру керек, сонымен қатар қылмыстық заңнаманы кеңінен қолдану арқылы қылмыс жасаған ісіне өкінетін, заңға бағынып өмір сүруге ұмтылатын және өмірін өзгертуге ниетті адамдарды қоғамнан оқшауламауға назар аудару қажет.

Қауіпсіздік мекемелеріне орналастырудың аясын қысқарту және жазаның баламалы шараларын кеңейту туралы шешім қабылдағанда, бас бостандығынан айыру орындарына ұстаудың теріс жақтарын ескеру маңызды. Әдетте, бұл мекемеде ұстаудың жалпы әсері көбінесе жазаның мақсаттарына жету мүмкіндігіне күмән туғызады. Осы мәселеге қатысты

ресейлік ғалым Г.Ф. Хохрякованың келесідей пікірі бар: «Сотталушыны қоғамнан оқшаулай отырып, қайта тәрбиелеу мүмкін емес. Мемлекет адамды қоғамға бейімдейміз дей тұра, оны қоғамнан алшақтатады; пайдалы, әрі белсенді мінез-құлыққа дағдыландырмақ болып, оны тек ережелермен шектелген ортада ұстайды, сотталушыны белсенділігінен айырады; зиянды әдеттерді пайдалыға бағыттаймыз деп өзі тектес жандардың ортасында ұстайды, яғни аталған шаралар сотталушыға керісінше ықпал етуге алып келеді» [1].

Қылмыстық құқықтағы ынталандырушы нормалар мен заң шығарушының қылмыстық саясатты жүзеге асыру барысындағы ізгілендіру шаралары отандық ғылыми іздену жұмыстарында өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қылмыстық саясаттың әсерінен қылмыстық заңнамада жаңа идеялар мен ұғымдар орын алды. Кеңестік, қазақстандық заңгерлердің іргелі ғылыми жұмыстарының нәтижесі түріндегі ҚР Қылмыстық кодексінің кейбір нормалары мен институттары шет мемлекеттердің қылмыстық кодекстерінде көрініс тауып үлгерді [2]. Десек те қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында күнделікті әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы, құқықтық заңнамалардың ұдайы зерттеліп, жетілдіріліп отыруы заман талабы болмақ. Осы орайда, қазіргі отандық қылмыстық заңнаманы, атап айтсақ жауаптылықтан босату институтын зерттеудің маңызы ерекше. Қылмыстық жауаптылықтан босату мен жазадан босату ұғымдары байланысты, десек те олар дара ұғымдар, аталған ұғымдарға заңнамада қалыптасқан нақты түсінік те жоқ.

Сонымен жоғарыда аталған жағдайлар қылмыстық жауапкершіліктен босатудың қылмыстық құқықтағы орнын анықтау тақырыптың өзектілігін айқындай түсері анық.

Бұл зерттеудің мақсаты – қылмыстық жазаны және баламалы әсер ету шараларын қолдану институтын талдап, зерттеу, қылмыстық жауаптылықтан босату түрлерін қолданумен байланысты теориялық және практикалық мәселелерді шешу, сондай-ақ заңнаманы және сот тәжірибесін жетілдіру бағытында нақты ұсыныстар жасау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу әдіснамасы жалпы және жеке-ғылыми әдіснаманың ережелерінің үйлесімінен құрылған. Жалпы ғылыми әдіснама қоғамдық қатынастардың дамуының объективті, әрі субъективті факторларын, себеп-салдарын зерттеуге бағытталады. Ал жеке ғылыми әдіснамадан формальды-заңи, салыстырмалы-құқықтық, қисындық, әлеуметтік, талдау және синтездеу сынды әдістер зерттеу барысында қолданылған.

Нәтижелер және талқылау

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың құқықтық сипаты қылмыстық жауаптылықтың өзімен тығыз байланысты. Сондықтан бұл ұғым жауаптылық босату мәселесін шешуге негіз болады [3].

Қылмыстық жауаптылық ұғымы ғылыми еңбектерде белесідей бағытта қаралады:

- тұлғаның міндеті ретінде;
- мемлекеттік айыптау, мәжбүрлеу ретінде,
- қоғамдық қатынас ретінде.

Қылмыстық жауаптылықтың түсінігіне қатысты келесідей пікірлер қалыптасқан, атап айтсақ:

- қылмыстық жауапкершілік тұлғаның жасаған қылмысы үшін қиыншылықтар мен азаптарға ұшырау міндеті ретінде ол айыпталушы жауапқа тартылған сәттен бастап туындайды және кейіннен сот үкімі түрінде түпкілікті жүзеге асырылады (Брайнин Я.М.) [4, 57 б.].

- бұл тұлғаның қылмыстық қауіпті әрекеттері үшін сотқа есеп беруі және кінәлі болған жағдайда лайықты түрде сотталуы мен жазаға тартылу міндетін білдіреді (Шнейдер М.А.) [5, 50-51].

- бұл қылмыс жасалған сәттен бастап пайда болады және жазаны өтеумен аяқталады. Алайда іс жүргізу өндірісінде жауаптылыққа тарту қылмыстық қудалау өндірісінде басталып, үкім шығару сатысынан өтіп, оны орындаумен аяқталады (Н.С. Лейкин) [6, 9 б.].

- бұл адамның жасаған қылмысы үшін жауап беру міндеті, ал ретроспективті жауапкершілік мәселесінің құқықтық аспектісі этикалық аспектімен араласады [7, 40 б.].

- жауаптылық құқықтық қатынастары бұлтартпау шарасын таңдау кезінде емес, тұлғаны айыпталушы ретінде жауапқа тарту кезінде де емес, соттың қылмыстық-құқықтық норманы (бір немесе бірнеше) қолдануы, айыптау үкімімен белгілі бір қылмысқа теріс баға берген және оны қылмыс жасаған адам деп таныған кезде туындайды.

Демек, қылмыстық жауапкершілік - бұл мемлекет атынан соттың қылмыс жасаған адамды соттауы мен кінәлауынан (порицание) басқа ештеңе емес, яғни белгілі бір әлеуметтік қауіпті әрекетті жасаған адамды қоғамдық мемлекеттік айыптау (айыптау, теріс бағалау) [8, 521 б.].

Қылмыстық заңмен көзделген қоғамға қауіпті әрбір іс-әрекет заң алдында жауап беруді қажет етеді, бұл қылмыстық саясаттың мақсаты. Десек те қылмыстық іс-әрекетке барған тұлға барлық уақытта қоғамға қауіпті, ал жасаған әрекеті ауыр зардаптар тудыра бермейді. Мемлекет қылмыстылықпен күресте әділеттілік, ізгіліктілік сынды қағидаттарды да ұстанады, сәйкесінше қылмыстық жазалау амалдарынан бөлек қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына жүгініп, қылмыс жасағаннан кейінгі қылмыскердің іс-әрекеттерінде қоғамға қауіптілік анықталмаса мемлекет қылмыс жасаған адамды кешіре отырып, оның болашақта оның заңға бағынатын мінез-құлқына сенім білдіреді. Мұндай шаралар қылмыстық құқықтың даму тарихында әрқашан болған.

Қылмыстық заңда тыйым салатын нормалармен қатар, белгілі бір әрекеттерді ынталандыруға бағытталған нормалар да бар. Мұндай нормалар қылмыстық құқықта мадақтау нормалары деп аталады. Бұл нормалардың қолданылуы немесе қолданылмауы қылмыс жасаған адамның мінез-құлқына, яғни жәбірленушіге келтірілген зиянды өтеп беру, мойындау немесе құндылықтар мен мінез-құлықтағы оң өзгерістерді көрсету сияқты әрекеттерге байланысты болады. Мадақтау нормаларының бір түрі қылмыстық жауапкершіліктен және жазадан босату нормалары болып табылады.

Қылмыстық жауаптылықтан босату институтының әлеуметтік маңызы оның нормаларының профилактикалық маңызы зор екендігінде жатыр. Ол қылмыстық құқық бұзушының алда жаңа қылмыстық іс-әрекетке бармауына және оларды ынталандыратын компримиске келуіді көздейді.

Қылмыстық жауаптылықтан босату институтын құрайтын құқықтық нормалар қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық жағдайларының ғана емес, сонымен бірге адамның саналы іс-әрекетінің нәтижесі болып табылады. Бұл институттың қалыптасуы мен дамуына әлеуметтік шындықтың көптеген факторлары айтарлықтай әсер етеді: мемлекеттік мүдделер, елдегі саяси күштердің арақатынасы мен туралануы, құқықтық түсінудің психологиялық және моральдық аспектілері және т.б. Сондықтан мемлекетіміздің дамуының әртүрлі кезеңдерінде қылмыстық жауапкершіліктен босату институтының мәні мен мақсаты туралы басқаша түсінік қалыптасты, ал бұл өз кезегінде заңнамадан орын алды.

«Қылмыстық жауаптылықтан босату» ұғымы 1958 жылдан бастап кеңестік қылмыстық заңнамада, нақтырақ айтсақ КСРО мен Одақтас Республикалардың қылмыстық заңнамасының негіздерінде нақты көрініс таба бастаған (ҚК 1960 жылғы 1 қаңтардан бастап 1997 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болды). Ол кезде қылмыстық жауаптылықтан босату институты белсенді түрде дами бастады, қылмыспен күресте *қылмыстық-құқықтық құрал* ретінде емес, *қоғамдық ықпал ету шаралары* ретінде қолданылды.

ҚК-тің IV бөлімі «Жаза тағайындау және жазадан босату туралы» деп аталып, қылмыстық жауаптылықтан босатуға қатысты келесідей нормалар орын алды: 43,45,45-1,45-2,45-3,45-4 - баптар [9].

ҚазКСРО ҚК-нің 45-бабына сай, «қылмыс белгілері бар іс-әрекетті жасаған адам, егер тергеу немесе істі сотта қарау кезінде жағдайдың өзгеруіне байланысты ол жасаған іс-әрекет өзінің сипатын жоғалтқаны немесе бұл адам қоғамға қауіпті болудан қалса, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Егер қылмыс жасаған адам кейіннен мінсіз мінез-құлқы мен жұмысқа деген адал көзқарастың салдарынан бұл адам іс сотта қаралғанға дейін қоғамға қауіпті болып саналмайды деп танылса, сот үкімімен жазадан босатылуы мүмкін [9].

КСРО мен Қазақ КСР заңнамаларында тұлға қоғамға үлкен қауіп төндірмесе, қылмыстық жазалау шараларынсыз оны түзету мүмкін болса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады және де сәйкес келесі шешімдердің бірі қабылданады:

- 1) адамды әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы;
- 2) іс материалдарын жолдастық соттың қарауына беру туралы;
- 3) іс материалдарын кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі момиссияға беру туралы;
- 4) адамды қоғамдық ұйымға немесе еңбек ұжымына кепілге беру туралы» [9].

Байқап отырғанымыздай, қылмыс жасаған адамның кейіннен қоғамға қауіптілігінің жойылуы, жағдайдың өзгеруі жауаптылықтан босатудың жалпы шарты болып саналады.

1997 жылғы ҚК-тің «Қылмыстық жауаптылықтан және жазалаудан босату» атты бөлімінде келесідей нормалар қарастырылды: шын өкінуіне байланысты (65-бап), қажетті қорғану шегінен асқан кезде (66-бап), татуласуға байланысты (67-бап), жағдайдың өзгеруіне байланысты (68-бап), ескіру мерзімінің өтуіне байланысты (69-бап), ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату (73-бап) [10].

2014 жылғы қылмыстық заңнамада қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату жеке бөліммен қаралып, түрлеріне қатысты өзгерістер бар.

Ғылыми еңбектерде қылмыстық жауаптылықтан босатудың жекеленген түрлері (жәбірленушімен татуласуына, белсенді түрде өкінуіне, қылмыс жасағаннан кейінгі ескіру мерзімінің өтуіне орай қылмыстық жауаптылықтан босату) өзге де ықпал ету шарасы ретінде (В.Ф. Ширяев) [11, 67 б.], ал Ф.К. Набиуллин [12, 25 б.]), қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының қатарында қарастырады.

Аталған пікірдің мәнін түсіне алу үшін алдымен осы ұғымды ашсақ.

Өзге де ықпал ету шараларының анағұрлым толық анықтамасын С.А. Боровиковтың еңбегінен кездестіреміз, ол өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары деп қылмыстық жауапкершілік саласында да, оның шегінен тыс жерлерде де қолданылатын, арнайы әдістері мен мақсаттарға ие, сонымен қатар қылмыстардың алдын алуға ықпал ететін қылмыстық-құқықтық шаралардың ерекше типін түсінеді. Сот оларды қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекеттерді жасаған және белгілі бір жас немесе психологиялық қасиеттерге ие адамдарға мәжбүрлеп тағайындайды [13, 37 б.].

Автор аталған ұғымға берген түсінігінде өзге де қылмыстық ықпал ету шараларының белгілерін, оны пайдаланатын субъектілерді, пайдалану негізін анық көрсетеді.

Алайда, «ықпал етудің арнайы әдістері мен мақсаттарына» сілтеме жасау шарт емес-ті, өйткені қылмыстық мәжбүрлеудің барлық шараларында ықпал етудің нақты әдістері қолданылады [13, 37 б.].

Осы тұста С.М. Рахметовпен ұсынылған өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының тізімі нақтырақ деп есептейміз:

- тәрбиелеу саласындағы мәжбүрлеу шаралары;
- медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралар;
- мүлікті сотқа дейін тәркілеу;
- мәжбүрлі төлем;
- қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар қою [14].

ҚК-текстінде «өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары» ұғымы екі рет ғана қолданылады: сол бөлімнің атауында және ҚК-тің 2-бабында – жауаптылыққа тартқанда қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жаза мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының тағайындалатынын көрсеткен жағдайда. ҚК-тің 7-бөлімінің атауына назар аударатын болса, заң шығарушының медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының түрі ретінде емес, тек аталған екі ұғымның

байланысын көрсететінін байқаймыз. Сондай-ақ мәжбүрлі төлем және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгілеуді өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасына жатқызған.

ҚР ӘҚБтК-нің 6-тарауының (Әкімшілік жаза және әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары) 52-бабында әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасының құқық бұзушылық жасаған адамның жаңасын жасамау мақсатында қолданылатынын [15] айта отырып, түрлерін бөліп көрсетеді. Бұл тізімнің қатарында жүріс-тұрысқа ерекше талаптар қою бар. Заң шығарушы ҚР ӘҚБтК-те «әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары», «өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары» деп аталып, қолданылу функциялары құқық бұзушыға жазадан бөлек әсер ету болады.

Ресей заң шығарушысы РФ ҚК-нің VI бөлігін «өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары» деп атап, оның түрлері ретінде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын, мүлікті тәркілеуді, сот шығынын [16] қарастырады. Алайда, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының түрлері тек осылармен шектелмейді.

ҚР ҚК-гі қылмыстық жауаптылықтан босату жөніндегі нормаларда жауаптылықтан босатудың негіздеріне қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға онша қауіпті болмауын, сондай-ақ салыстырмалы түрде алғанда кінәлінің қауіптілік деңгейінің төмендігін алғанын байқаймыз.

